

#КүшімізБірлікте

Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ТҮЛҒАТАНУ



«БІР ҒАНА КАДР»

6

МӘСЕЛЕ



«ЖЕТІМ КӨРСЕН, ЖЕБЕЙ ЖҮР»

8

#ЕКПЕАЛ



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

22.02.2022

Түнде:



-3-8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+2+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

23.02.2022

Түнде:



0,-5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №20 (6155) 22 ақпан, сейсенбі, 2022 жыл.

ӘКІМ

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМИДЫ

Шаһар басшысы Алмалы ауданын аралады



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Алмалы ауданының проблемалық мәселелерімен және даму перспективаларымен танысты. Шаһар басшысы жұмыс сапарын қалалық ревматологиялық орталықты аралаудан бастады. Бұл – ревматологиялық аурулары бар науқастарға арналған елдегі жалғыз мамандандырылған медициналық мекеме.

2

ШОБ

ШЫҒЫНДЫ ӨТЕУ ТЕТІГІ ӨЗГЕРМЕК



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ШОБ субъектілеріне мүлктік зиянды анықтау жөніндегі аймақтық комиссияның 2022 жылғы 20 ақпандағы отырысында кәсіпкерлердің жалпы сомасы 427 млн. теңге болатын 119 өтінімі мақұлданды.

3

ҚЫСҚА...

- Алматы QR төлемін қолдануда көш бастап тұр.
- Шаһарда балаларын түнгі уақытта қараусыз жіберген 79 ата-ана әкімшілік жауапқа тартылды.
- Наурыз айынан бастап кәсіпкерлер үшін салық төлеушінің паспорты енгізіледі.
- Алматыда майнингтік ферма анықталды.
- 2026 жылғы Қысқы Олимпиада Италияда өтеді.
- Алматылық дәрігерлер 1 күнде 4 науқастың көзіне күрделі ота жасады.

www.almaty-akshamy.kz



ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ӘКІМ

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ДАМИДЫ

Шаһар басшысы Алмалы ауданын аралады



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

Қазіргі таңда ауруханаға жатуға еліміздің түкпір-түкпірінен келетін 532 адам кезекте тұр. 1940 жылдары салынған орталық ғимарат бүгінде кеңейту мен жөндеуді қажет етеді. Е.Досаев Жайлы қалалық орта және Жер қатынастары басқармаларына ғимаратты күрделі жөндеу қажеттілігі туралы мәселелерді пысықтауды, сондай-ақ бұрынғы ғимараттың орнына жаңа корпус салу бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырды.

Бүгінде Түркебаев көшесі, 93 мекенжайында орналасқан №144 мектепте оқушы орындарының тапшылығын жою үшін 300 балаға арналған корпусың құрылысы аяқталды. Ағымдағы жылдың наурыз айында Брусиловский көшесі, 15-үйдегі №34 гимназияда 550 орынды жаңа корпусы іске қосу жоспарлануда. Қала әкімі Жайлы қалалық орта және Білім беру басқармаларына «Орта және мектепке дейінгі білім беру нысандарын реновациялау» бағдарламасын қабылдау қажеттілігі мәселесін зерделеуді тапсырды.

Аудан аумағын аралау барысында қала басшысы №2 Оқушылар үйіне барды. Қаңқалы-камысты құрылыс ғимараты 1936 жылы салынып, апатты жағдайда тұр.

Мұндағы үйірмелерге күн сайын 800-ден астам бала қатысады. Алматы қаласының әкімі Жайлы қалалық орта, Қалалық жоспарлау және урбанистика, Білім басқармаларына қолданыстағы ғимараттың орнына жаңа ғимарат салу мәселесін қарастыруды тапсырды.

Одан кейін қала басшысы Шевченко – Манас – Жамбыл – Байзақов көшелерінің шаршысындағы ескі үйлердің тұрғындарымен кездесті. Е.Досаев үйлер мен инженерлік желілердің жағдайына техникалық аудит жүргізуді тапсырды.

Жұмыс сапарының соңында есірткі қылмыстары мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алуға бағытталған «НаркоStop» әлеуметтік жобасының

авторларымен және еріктілермен танысты. Пилоттық жоба 2021 жылдың қазан айында Алмалы ауданы әкімінің қолдауымен және Алматы қаласы Полиция департаменті мен қоғам белсенділерінің қолдауымен іске қосылды. Қала әкімі Қоғамдық даму басқармасына әлеуметтік бастамаға қолдау көрсетіп, мегаполистің басқа аудандары бойынша жобаны «көбейту» мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Аралау қорытындысы бойынша қала басшысы Е.Досаев Алмалы ауданының әкімі Ержан Сейтеновтің жұмысын мақұлдады және әлеуметтік инфрақұрылымды одан әрі дамыту және өзекті мәселелерді шешу бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

ДЕПУТАТТАР

АШЫҚ КЕЗДЕСУЛЕР

Мәжілісмендер Алматыда 100-ге жуық іс-шара өткізеді



Мәжіліс депутаттарының өңірлерге жұмыс сапарының бірінші аптасы халықпен кездесуге арналды. Әлеуметтік сала мен Алматы қаласы бойынша партияның сайлауды бағдарламасына енген нысандар халық қалаулыларының басымдығына айналды.



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**

(Басы 1-бетте)

Мәжілісмендер Бекқали Торғаев пен Артур Платонов жедел медициналық көмектің мамандан-

дырылған автокөлік кәсіпорнын аралау барысында халықтың қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету үшін мегаполиске қосымша тағы 7–9 қосалқы станция қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ, Денсаулық сақтау министрлігінің санаттарды алып тастау бағдарламасындағы алдағы өзгерістер

дәрігерлердің жалақысының айтарлықтай төмендеуі мүмкін екенін айтты.

«NarkoStop» қозғалысының белсенділерімен кездескен Мәжіліс депутаты Мәди Ахметов есірткіге тәуелді жастар саны 2,5 есе өскенін мәлімдеді.

Мүгедектері бар алматылықтарға дербестік пен экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге көмек көрсететін «Ten Qogam» әлеуметтік қолдау орталығына барған депутаттар Айгүл Құспан мен Жұлдыз Сүлейменова мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын білді.

«Заңнамада мүгедектері бар адамдар үшін жан-жақты жағдай жасау бойынша іс-шаралар көзделген, бірақ олардың күнделікті өмірде айтарлықтай қиындықтарға тап болатыны барлығына аян», – деп атап өтті мәжілісмен Айгүл Құспан.

«Бұл біздің мәжілісмендермен екінші практикалық кездесулер. Мәслихат депутаттары үшін мұндай кездесулер коммуникацияларды дамыту және саяси жұмыс тәжірибесімен толықтыру жөніндегі шеберлік сағаттары іспетті. Өңірдегі бірлескен іс-шараларды аяқтай отырып, біз мәселелерді одан әрі екі жақты пысықтауды жалғастырамыз. Бұл бар мәселелерді шешу жөніндегі бастамалар мен ұсыныстарды жан-жақты әрі сапалы қарауға берілген мүмкіндік», – деп атап өтті депутат Әсия Ақанова жедел медициналық жәрдемің мамандандырылған автокөлік кәсіпорнын бірлесіп аралау барысында.

МАРАФОН



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Алматыда «Winter run 2022» шарасы өтті

Марафонға қатысып, қашықтықты бағындырған жүгірушілер саны екі мыңнан асқан. Бұл – мегаполистің маусымдық жарыстары үшін рекордтық көрсеткіш.

Алматы марафонының директоры Салтанат Қазыбаева: «Бүгінгі марафон – биылғы күнтізбеміздегі бірінші шара. Біз еліміздегі соңғы оқиғаларға байланысты мұндай спорттық іс-шараларды ауқымды өткізу керектігін сезіндік. Бүгінгі таңда қатысушылардың жалпы саны екі мыңды құрайды. Жыл сайын өтетін «Алматы марафонын» есептемегенде, маусымдық жарыс үшін 2000 адам өте үлкен көрсеткіш», – деп пікір білдірді.

Марафон 3 шақырым қашықтыққа жүгірген ең жас қатысушылардың жарысынан басталды. Өткен жылы пандемияға байланысты балалар шараға қатыспаған болатын. Биылғы жарыстың басталуын асыға күткен жас марафоншылардың алды 11 минутқа

жетпей жүгіріп келді. Бұл да – жаңа рекорд.

Келесі кезекте ересектер (10 шақырым) мен скандинавиялық жүріс (7 шақырым) бойынша қатысушылар жүгірді. Он шақырым қашықтықты алғашқы болып алматылық Ислам Аманғос 32 минут 51 секундта бағындырды.

«Бастапқы бес шақырымға топ болып жүгірдік. Бірақ артыма бір бұрылғанда, артымда бір-екі жігіттің қалғанын ғана көрдім. Соңында барлығын озып кеттім», – деп, жеңімпаз атанған Ислам ағынан жарылды.

Қатысушылардың барлығына естелік медальдар берілді. Ал жеңімпаздар бағалы сыйлықтарға ие болды.

Досбол АТАЖАН.



FACEBOOK

Берік УӘЛИ,
ҚР Президентінің баспасөз хатшысы:

«Қасым-Жомарт Тоқаевтың швейцариялық банкте қаржылық шоты жоқ»

Бұл туралы ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook парақшасында жазды.

«Кейбір бұқаралық ақпарат құралдары жазып жатқандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың швейцариялық банкте қаржылық шоты жоқ. Сондай-ақ Президенттің шетелдік банктер мен офшорлық компанияларға да ешқандай қатысы болмаған және шет елде жылжымайтын мүлкі де жоқ.

Қасым-Жомарт Кемелұлының бұрынғы жұбайының да мақалада жазылғандай, ешқашан қаржылық шоты болмаған.

Тимур Тоқаевқа келетін болсақ, жасы 38-де. Ол – кәсіпкер, ешқашан мемлекеттік қызметте істемеген.

Өздеріңіз білесіздер, Президент экономика мен саясаттағы монополияны шектеуге, реформаларды жүзеге асыруға күш салып келеді. Бұл Мемлекет басшысының осындай шешімдерін жақтамайтын адамдардың әдейі таратып жатқан фейк ақпараттық шабуылы деп ойлаймын», – деп жазды Берік Уәли.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ШОБ

Шығынды өтеу тетігі өзгермек



Гүлжанат СЕМБАЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның ішінде, 295,7 млн. теңге сомаға 64 өтінім бюджет қаражаты есебінен, 131,3 млн. теңгеге 55 өтінім «Жаңа Алатау» қайырымдылық қорының қаржысынан өтеледі. Қала бойынша комиссияның жұмысы басталғалы бері барлығы 1545,7 млн. теңгеге 720 өтінім, оның ішінде, бюджет қаражатынан 793,8 млн. теңгеге 345 өтінім, «Жаңа Алатау» қоры қаржысынан 751,9 млн. теңгеге 375 өтінім мақұлданды.

Сонымен қатар, Алматы қаласы Аймақтық комиссиясының бастамасы бойынша ШОБ-қа келтірілген шығынды өтеу тетігіне төлемдер бойынша неғұрлым тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін бірқатар өзгерістер енгізілді. Мәселен, енді жеңілдетілген тәсіл бойынша жылжымайтын мүлік пен көлікке келтірілген шығын үшін 10 млн. теңгеге дейін (бұрын 5 млн. теңгеге дейін); зақымдалған жабдыкқа сомасы бойынша шектеусіз (бұрын 5 млн. теңгеге дейін) өтемақы төленеді.

Сондай-ақ, сот сараптамасын жүргізу үшін жеке адвокаттардың қызметіне зардап шеккен кәсіпкерлердің шығындарын өтеу бойынша өзгерістер енгізілді (бұрын қызмет өтініш берушілердің есебінен төленген). Бұл ретте шығынның алдын ала сомасын құқық қорғау органдары 2022 жылғы қаңтардағы жаппай тәртіпсіздіктер нәтижесінде жәбірленуші деп тану туралы қаулы-да жазып қоюға тиіс (бұрын рәсім ұсынымдық сипатта болған).

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



Роботтың достары



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Алматы төрінде орналасқан «Ұстаздар үйінің» STEM зертханасына қала іргесіндегі Талғар ауданының Жаналық ауылынан (Алматы облысы) бір топ оқушы экскурсиялық сапармен келді.

Оларды қазіргі өмірімізге дендеп еніп келе жатқан робототехника саласымен, жоғары деңгейде жабдықталған зертхана жұмысымен «Өрлеудің» Алматы қаласы бойынша педагогикалық қызметкерлер біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы Қайсар Нұрлыбасов таныстырды. Ал жеткіншектердің, дәлірек айтсақ, І.Жансүгіров атындағы №37 орта мектептің 5-сынып оқушыларының жетекшісі, информатика пәнінің мұғалімі Айнұр Джабаева «Роботтардың дамуы мен келешегі» тақырыбында экскурсиялық сабақ өткізді. Сонымен қатар, ҚР Ұздік педагогы Әсем Дүйсенбасова да балаларымыз көп дүние игерсін, білсін деген ниетпен тәлімгерлік тәжірибесімен бөлісті.

Ғылымға, білімге құштар кішкентай өрендер зертханада арнайы құралдарды пайдалана отырып, қызықты «Тазартқыш робот» жобасын жасап шықты. Олар нәтижеге дән риза және өздерінің қолдарынан роботтың экологиямызды қорғауға септігін тигізетініне шүбәсіз сенеді.

ЛИЦЕЙ

«Көксеректі» талдады

Қаламыздағы №178 мамандандырылған лицейдің 7-сынып оқушылары Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты онкүндікке атсалысты.

Аталған онкүндік жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу, дамыту, үздік әдіс-тәсілдер мен жаңа технологияларды оқыту үдерісінде қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін, біліктілігін арттыру мақсатын көздеген болатын. Лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айжан Әуелбекованың өз шәкірттерімен өткізген «М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі» тақырыбындағы сабағы осы үдеден шыққан секілді. Педагогтың ашық сабағында оқушылар шығармадағы қарама-қарсы суреттеулерді тауып, оларды салыстырып, талдау дағдыларын дамытып, өзіндік ой қорытындылауға талпынды. Сабақ барысында оқушылар «Көксерек» фильмі мен осы аттас шығармадағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табу арқылы қандай білім және мақсат бағаланатынын түсінді. Балалар жеке-дара емес, топпен жұмыс істеу кезінде күш бірігетінін және ойға алған істің қаншалықты нәтижелі болатынын ұғынды. Оқушылар мұғалімнің нұсқауымен көркем шығармадағы қарама-қарсы суреттеулерге салыстыру жасай отырып, дескриптор негізінде бірін-бірі оқытуға талпынды. Олар «Пікірлер сызығы» алаңы жаттығуында «Кінәлі Көксерек пе, адамдар ма?» деген сұраққа негіздеме жасап, өзіндік пікірлерін алға тартып, сабақты түсінгендерін және терең ойлануға ынталанғандарын көрсетті.

Соңында «Өрлеудің» аға оқытушысы, тренер Айжан Ыдырысқызы сабаққа жоғары баға берді.



ТҮРКСІБ АУДАНЫНДА



Кәсіпкерлер өтемақы алды

Қаңтар оқиғасында зардап шеккен Түрксіб ауданындағы кәсіп иелеріне 81 миллион теңге өтемақы төленді.

Жергілікті әкімдік өкілдерінің айтуынша, өтемақы алуға өтінім бергендердің басым көпшілігі тоналған ломбардтар мен қару-жарақ дүкендері, сондай-ақ шағын кәсіп иелері екен.

Жалпы, ауданда жаппай тәртіпсіздік кезінде қирап, тоналған 94 шағын және орта бизнес нысаны тіркелген. Бүгінде оның 57-сінің шығыны толық өтелді. Шығындары өтелген жергілікті бизнес иелері қала басшылығы мен кәсіпкерлер палатасына ризашылықтарын білдіруде.

КӘСІПКЕРЛІК

Салық төлеуші паспорты енгізіледі

Ағымдағы жылдың 1 наурызынан бастап қоғамдық тамақтандыру және сауда салаларында қызмет ететін кәсіпкерлер үшін салық төлеушінің паспорты енгізіледі. Бұл туралы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мәлімдеді.

Бұл – салық құпиясы болып табылмайтын, мемлекеттік кірістер органы қалыптастыратын штрих-кодта (QR-код) қамтылған кәсіпкерлік субъектісінің ақпараттық картасы. Салық төлеушінің паспортын қоғамдық тамақтандыру және сауда саласындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер бақылау-касса машиналарының жанында және жалпыға бірдей қолжетімді орындарда орналастырады.

Паспорт төмендегідей ақпараттарды қамтуы керек:

- ЖСН/БСН;
- Салық төлеушінің атауы;
- Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлға басшысының ТАӘ;
- Салық төлеушінің мәртебесі;
- Есепке қойылған күні;
- БКМ тіркеу нөмірі;
- Алкоголь өнімдеріне лицензияның болуы.

Бұл ұғым салық органдары қалыптастырған салық төлеушінің салық міндеттемелерін орындауы туралы деректеріне ашық қол жеткізуді ұсыну мақсатында және халықты (сатып алушыларды, қызметтерді пайдаланушыларды), контрагенттерді және тағы басқаны хабардар ету мақсатында енгізіледі.

Салық төлеушінің паспорты салық органында есепті айдан кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмейтін мерзімде айына 1 рет қалыптастырылады.

Салықтар және басқа да көптеген мәселелер туралы толығырақ 1414 нөмірі немесе @mkdalmaty_dgdalmaty арқылы біле аласыз.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

СҮЙІНШІ!

Алға, Қазақстан! Франциядан – алтын



Алан Құрманғалиев Францияда өткен үстел теннисінің турнирінде алтын алды.

Үстел теннисінен

жасөспірімдер арасында WTT Youth Contender турнирі Мец қаласында өтті. 15 жасқа дейінгі санатта қазақстандық Алан Құрманғалиев жеңіске жетті.

Жерлесіміз Антон Дерлюкті (Украина) 3:0, Рарес Куесдинді (Румыния) 3:1, Рафаэль Кабрераны (Доминикан Республикасы) 3:0, Ли Йонгмоқты (Корея) 3:1, Рафал Формельді (Польша) 3:1, Натан Ламуды (Франция) 3:0, Флавиен Котонды (Франция) 3:1 есебімен жеңді.

19 жасқа дейінгі жас санатында тағы бір спортшымыз Санжар Жұбанов 1/32 финалға шығып, тоқтады. Оның көрсеткіштері мынандай болды: Бенджамин Пигготт (Англия) 3:0, Вон Ян Кай Энди (Сингапур) 3:2, Сохан Джозеф Гиллес (Франция) 2:3, Дэвид Бесса (Португалия) 1:3.

Албаниядан – күміс



Қазақстан құрамасы таэквондодан Президент кубогына арналған халықаралық турнирге қатысуда.

Албанияның Тиран қаласында 21–23 ақпан күндері өтіп жатқан жарыстың бірінші күні Смайыл Дүйсебай күміс медальді жеңіп алды. Спортшымыз 87 келіге дейінгі салмақта бақ сынаған болатын.

Осы салмақта отандасымыздан басым түскен Иван Сапина (Хорватия) алтын, ал Каден Каннингем (Ұлыбритания) мен Рафаэл Камалов (Ресей) қола жүлде иеленді.

Жүйріктер жеңісі



Astana Qazaqstan Team велошабандоздары Vuelta Andalusia командалық жарысында жеңіске жетті.

Astana Qazaqstan Team велошабандозы Мигель Анхель Лопес Vuelta Andalusia турнирінің жалпы классификациясында үшінші болды.

Шешуші кезеңде Astana Qazaqstan Team шабандоздары өздерінің көшбасшысы Мигель Анхель Лопесті жалпы есепте жеңіске жеткізу үшін барын салды. Дегенмен, жарыс фавориті Воут Пулс өзге қатысушыларды өзіне жеткізбеді.

Жалпы классификацияда Воут Пульс ақтық жеңімпаз атанды, Кристиан Родригес пен Мигель Анхель Лопес екінші және үшінші орындарға жайғасты. Алексей Луценко 9-шы, Гарольд Тежада 12-ші болып мәреге жетті. Ал командалық жарыста Astana велошабандоздары жеңіске жетті.

Досбол АТАЖАН.



PIKIP

Әсел ҚҰРМАНБЕК,
Алматы қаласы
мәслихатының депутаты:

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!

Мемлекет басшысының Қазақстан телеарнасына берген эксклюзивті сұхбатын көрген боларсыздар. Елімізде орын алып отырған жайттарға қатысты толық әрі нақты жауап берді деп ойлаймын және халық та осыны күтті.

Өйткені, қоғам реформаларға зор үміт артып отыр. Кешегі қаңтар оқиғасы бәрімізге сабақ!

«Қандай түбегейлі өзгерістер болатынын қазір айта алмаймын. Бірақ біраз өзгерістер болады. Бұл туралы Мәжілісте сөйлеген сөзімде айттым. Мен бастапқыда жаңа саяси реформаларды күзде жариялаймын деп ойлағам, бірақ саяси реформаларды наурыздың ортасында халыққа Жолдауымда ұсынатын болдым. Қазіргі таңда жұрт реформаларды зор үмітпен күтіп отырғанын білемін. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды бірге құрайық» деп Үндеу жолдадым. Онда айтылған мәселелерді көпшілік қолдап отыр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ұлттық телеарнасына берген сұхбатында.

Себебі, реформалар еліміздің экономикалық дамуын жеделдетеді. Ал экономикалық тұрғыда даму әлеуметтік проблемалардың бірден-бір шешімі.

Сондықтан да мен Президенттің ұстанған саяси бағытын дұрыс деп санаймын.

Егер сұхбатты көріп үлгермеген болсаңыздар, қарауға кеңес беремін!

Туырлыққа тү іліп, әділетті қоғамды бірге құрайық!

ТИЛЕК

Үміт БИТЕНОВА,
ақын, ҚЖО мүшесі:

НЕГІЗГІ БАҒДАР – АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ



«Халық мемлекет үшін емес, мемлекет халық үшін» қағидатын ұстанатынын ұғынықты түсіндірген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ұлттық телеарнасына берген сұхбатында көп түйткілді мәселелерді ашып айтты. «Мемлекеттің мәселесін мемлекеттің тілінде айтуымыз керек», – деді.

Сен қозғалды! Адам қарым-қатынасының ең маңызды құралы саналатын Тіл төңірегіндегі қатталып келген құрсау мұз ери бастады. Осы ғұмырына дейін көбінесе дипломатиялық іспен сыртта жүріп, өз тіліне қажеттілік тумағандықтан, өзге тілдің бәрін шемішкеше шаққан Президентіміз енді шын ниеттенген адамның кез келгені мемлекет тілін тез меңгеріп кете алатынын дәлелдеп, Ана тіліне күрт бетбұрыс жасады.

Мемлекет басшысы ел көкейінде жүрген көптеген сауалдарға жауап берді. Ең басты тақырып – «қаңтар қасіреті» сұхбаттың кең талқысына түсті. О баста бейбіт шеруге шыққан халықтың адал мақсатын өздерінің арам пиғылды мүдделеріне оңтайлы пайдаланып үлгерген бұзақы топтардың жүгенсіздігінен орын алған жаппай тәртіпсіздік, өртеу, тонау, кісі өлімі, басқа да көптеген іс-әрекеттер қазір толығымен зерттеліп, тексеріліп жатқаны мәлім. Дер кезіндегі пәрменді шаралар арқылы мемлекет тұтастығын сақтап қалғанымызды негіздей айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев ресейлік кейбір солақай саясаткерлердің солтүстік өңірлерімізге қатысты сілекейлері шұбырған алыпқапша

сөздеріне де нүкте қойды. «ОДКБ әскері жайлы даулы-дақпыртты түгел естіп отырмын, «Путинге қарыз боп қалдық» дегенге келсек, бұл – бос әңгіме!» деді Президент. «Солтүстік аймақтағы жерлерге қатысты Ресеймен ешқандай мәселе жоқ және болмайды, ресми Кремль де бұл қағидатқа берік» деп нық байламен тіке айтты. Еңсеміз кәдімгідей көтеріліп қалды.

Мемлекет басшысы қаралы күндер туралы қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүріп жатқанын, Бас прокуратура ақпаратты жүйелі түрде таратып отырғанын, сондықтан да қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте екенін ескертті. Кесімді тұжырыммен келіспеске болмас. Өйткені, бұл, асықпай, мұқият атқарылатын өте күрделі іс. Халықты мазалап отырған сұрақтарға көп ұзамай жауап берілетініне, халықтан жасыратын құпияның ешқашан болмайтынына сендірді Президент.

«Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Біздегі осындай жағымсыз үрдісті көпшілік, әсіресе, кәсіпкерлер жақсы біледі. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн. Бұл, әрине, оңай емес, бірақ міндетті түрде осы жұмысқа кірісуіміз керек. Басқа жол жоқ», – деп атап өткен Қасым-Жомарт Тоқаев «Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес» деген сөзімен бізде қатты белең алған құқықтық нигилизмге қынжылыс білдіріп, заң үстемдік құратын әділетті қоғамды қалыптастыру үшін бар күш-жігерін аямайтынын баса айтты.

«Әкімнің бәрін ауыстыру – менің негізгі мақсатым емес. Негізгі талап – азаматтардың

әл-ауқатын арттыру. Сондықтан қажеттілік болса, тиісті кадрлық шешім қабылдаймын. Міндетті түрде өзгерістер болады. Расында, көп нәрсе жақсы кадрға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадр резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды. Басқа да адамдарға жол ашуымыз керек. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығарсақ та, дұрыс болмайды. Саяси тазалауға барудың қажеті жоқ. Мемлекеттік басқару саласына бірте-бірте жаңа мамандар келеді. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес. Сондықтан бірте-бірте бұл жұмысты жүргіземіз», – деген Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстандағы» кадр мәселесіне қатысты сауалдар төңірегінде толымды ой білдірді.

Жалпы әлем елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, содырлар қоғамдағы тыныштықты бұзу үшін, ең алдымен, елдің ішінен наразы адамдарды, соның ішінде әсіресе жұмыссыз, кәсіпсіз бос жүрген жастарды өздеріне тартады. Сосын оларды баулып, арнайы үйретеді. Оларды әбден лаңкестікке дайындап болған соң өздері белгілеген нүктелерге жібереді. Біздің елде тура осындай жағдай қалыптасты. Елімізге арнайы, алдын ала дайындалған террорлық шабуыл жасалды.

Бүлікшілердің басты мақсаты – елдің тыныштығын бұзып, мемлекеттік төңкеріс жасау болды. Тек Президентіміздің дер кезінде қабылданған батыл шешімдерінің арқасында ғана елімізді, тәуелсіз Қазақстанымызды қорғап қалғанымызды білеміз.

«Аузы күйген үрлеп ішеді» деген халықпыз. Енді ондайға жол беруге болмайды. Оған бүкіл қазақ жауапты. Себебі, бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған кең байтақ жеріміздің тыныштығын, еліміздің амандығын – біздің баға жетпес байлығымыз. Оны қорғау, сақтау – әрқайсымыздың қасиетті борышымыз.

ҰСЫНЫС

Орынтай ОШАНОВА,
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика
факультетінің доценті:

ЖУРНАЛИСТИКА – АМАНАТҚА АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

Әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз



Ел Президентінің сөзіне жүгінсек, «Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз», ал «тәуелсіздік кепілі – қоғам тұтастығында». Елімізде осы қаңтар айында

өткен оқиғалар, бұл қағиданың шындығына көзімізді жеткізді.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов айтқандай, «Болашақ ұрпақтан, я алғыс, я қарғыс күтпей тұрғанда қазірден қарекетке көшу керек». Ұлт мұратына қызмет ету үшін не істеу керектігін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берді. Ең алдымен ескеретін мәселе – «Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес». Рас, ғаламтордағы шектен шығушылық еліміздің іргесін шайқалтып, жастардың теріс ағымдағы экстремистік топтардың жетегіне ілесіп кетуіне әкеліп соқты. Осы орайда, Президент «еркіндік берілгенмен ойына келгенді жазуға, жалған ақпарат таратуға, біреуге тіл тигізуге, арандатушылыққа жол берілмейтінін ескертемін» – деді.

Ұлт батыры Бауыржан Момышұлы

жазғандай, «Тәртіпке бағынған ел құл болмайды» және «Заң мен тәртіп – еліміздің игілігі мен берекесінің негізгі кепілі».

Қоғам дамуының білім беру және мәдениет саласын да естен шығаруға болмайды. Әсіресе, жастардың білімді болуы алғашқы кезекте ескерілуі керек. Білімді азаматтар елімізде шынайы кәсіби бәсекелестіктің алаңын құрып, табысты және лайықты өмірге көбірек қадам жасай алады. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: «Халықтың түзелуінің кілті жастарда, сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуін бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс».

Президент білімсіз жастардың тұрақты жұмысқа тұру мүмкіндігіне ие бола алмай, кездейсоқ жұмыстарға орналасып ақша табуға тырысатынын айта келіп, «кейбіреулері – ақша табу жолында заңбұзушылықтарға барып жатады», – деп атап көрсетті. Бұл – шындық, енді қоғам болып осы бағытта тиімді жұмыстар атқаруға көшкен дұрыс.

Осы орайда, Президент нақты шараларды жүзеге асыруға тапсырма берді, яғни «Үкіметке «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орны» жобалары бойынша қатысу мерзімін және еңбекақы төлеу көлемін ұлғайту мүмкіндіктерін қарастыруды тапсырамын. Жастардың және тұрғындардың әлсіз топтарының іскерлік бастамаларын жүзеге асыруына жағдай жасау».

Негізгі басымдық – сапалы білімге деген



қолжетімділікті арттыру. Бұл барлық қоғам дамуының маңызды факторы. Осы орайда, 2025 жылға қарай беделді 5 шетелдік университеттердің филиалын ашып, оның ішінде ЖОО-лардың техникалық басымдық берілетін екі филиалын еліміздің батысында ашу қажеттігін атап көрсетті.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан телеарнасына берген сұхбатында мерзімді баспасөзді күнделікті оқитынын, үнемі басты назарда ұстайтынын айтты. Сонымен қатар, әлеуметтік желіні де үзбей қадағалап, маңызды деген мәселелер көтеріліп жатса, назар қойып, ол проблемалардың шұғыл түрде шешілуіне пәрмен беріп отыратынын да тілге тиек етті. Бұл біріміз үшін үлгі боларлық дағды десек, артық айтпаспыз. Ел басшысының қазақ журналистикасының деңгейі туралы пікірі де қалам ұстаған журналистерді бей-жай қалдырмасы анық.


«Жалпы, қазақ журналистикасының деңгейі төмен деп айтуға болмайды. Керісінше, қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз. Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттық вакуум

болды. Оны кәсіби тұрғыда дайындалған лаңкестер, қылмыскерлер өз мүддесіне пайдаланды. Интернетті бұғаттауға мәжбүр болдық. Бұл – әлемдік практика. Бірақ басқа да ақпарат құралдарымыз бар ғой. Содырлар кейбір теле-радио арналардың ғимаратын өртеп, қиратты. Одан басқа ақпарат құралдары үздіксіз хабар таратты. Ешқандай шектеу болған жоқ», – деді Президент.

Журналистика – аманатқа адалдық алаңы. «Әр журналист «Айтылған сөз – атылған оқ» деген халық даналығын назарда ұстауы керек», «Н.Некрасовтың: «Ақын болу шарт емес, азамат болу – парызы» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз», – деді Мемлекет басшысы. Міне, Президенттің ұлттың рухани болмысы мен таным зердесін қалыптастыруға дәнекер болар, елдің білім тұтқасын ұстаған қоғам мүшелеріне артқан елдік жауапкершіліктің салмағы батпандай. Біздің алдымызда тұрған ең басты міндет – осы бағытта жұмылған жұдырықтай бірлесе қызмет атқару және ел алдындағы жауапкершілікті сезіну.



МӘСЕЛЕ



БҰҒАН НЕ АМАЛ БАР?..

Түн тыныштығын бұзатын нысандар көбейіп барады

Алматыда бір үлкен проблема бар. Ол туралы талай айтылып та, жазылып та келеді. Мегаполисте тұрғын үйлердің жертөлесі немесе бірінші қабаты түрлі ойын-сауық ордасына, кафе-ресторандарға толып тұр. Бильярд залдары, сауна, караоке-бар, шағын маркет, дүкен, сән салоны, тіпті жекеменшік медициналық орталықтарға да берілген. Құлақ тұндыратын музыкадан, одан қалса, тамақ пен темекінің иісінен жоғары қабатта тұратын тұрғындар әбден шаршады.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қауіпсіздік ережелері сақталмайды

Өткенде ғана шаһарда 40-тан астам тұрғын бірінші қабатта орналасқан қоғамдық тамақтану орындарына шағымданды. Өз ісіне немқұрайлы қарайтын кәсіпкерлер оларға қолайсыздық тудырып қана қоймай, өміріне қауіп төндіріп жатқанын жеткізді. Тұрғындардың айтуынша, қайта жабдықталған тамақтану орындарында қарапайым қауіпсіздік шаралары сақталмайды. Газ құбырлары сорғыштардың астына салынып, өрт қаупі жағдайын тудырады. Онымен қоса, коммуналдық желілерге жүктеме артады. Тұрғындарға арналған ауладағы коқыс жәшіктерін сол кафе-ресторан мен мейрамханалар пайдаланады. Алайда, коқыс контейнерлері мұндай көп қалдыққа арналмағандықтан тез толып, ернеуінен асып жатады. Осыдан кейін тұрғындар түрлі тиісті органдарға шағымданады.

– Мен 1-қабатта орналасқан мейрамханамен көп жылдан бері күресіп келемін.



Өндірістік желдеткіштер, генератордың шуы миды жеп қояды. Онымен қоса, темекінің түтіні мен асуден шыққан жағымсыз иіс қолқаны қабады. Терезені ашу мүмкін емес. Әсіресе, қарт адамдарға қиын болып жатыр. Сондай-ақ, олар пәтер мен жертөлени бұзып, аумағын кеңейтіп, қайта жабдықтады. Бұл 1950 жылы салынған ғимараттың сейсмикалық төзімділігіне қатер төндіруі мүмкін. Осы туралы қайда шағымдансақ та, нәтиже жоқ. Олар тек әкімшілік жазамен құтылып кетеді, – дейді қала тұрғыны Тұралы Нұрланұлы.

Айғай-аттан шаршатты

Шынында да, былай қарап тұрсақ, ойын-сауық мекемелері мен қоғамдық тамақтану орындарын тұрғын үйлердің астына орналастыруға тыйым салмай болмайтын секілді. Өйткені, мұндай мекемелер заңмен белгіленген нормаларды сақтамайды. Тіпті, олардың іргелес аумақтарды басып алып, жазғы террассалар тұрғызатыны жиі байқалады. Кейін оны қала құрылысын бақылау басқармасы сот арқылы бұздырып жатады. Онымен қоса, тұрғындардың өзінің көлігі сыймай тұрған аулаға кафе-ресторанға келген көліктер сығылысып тұрып алады. Одан кейін түнде аулаларда шу, мастардың айқайы, төбелесі басталады. Бұл тұрғындардың жүйкесін жұқартатыны сөзсіз. Түнде тастаған темекінің тұқылы да аулаларда толып жатады. Оны мекеме иелері тазаламайды. Бұдан шығатын жалғыз жол – кафе-ресторандарды тұрғын үйдің астына орналастыруға тыйым салу.

Негізі, тұрғындар мен кәсіпкерлер арасындағы дау-жанжал Алматыда жиі болып тұрады. Бірақ елімізде шағын және орта

бизнес нысандарын тексеруге бірнеше рет мораторий жарияланған. Өкінішке қарай, осы жағдайдан кейін көптеген кәсіпкерлер тіпті қарапайым нормалар мен ережелерді ескермейтін болды. Енді мораторий енгізілді екен деп, кәсіпкерлер білгенін істей беруге бола ма? Азаматтардың тұрғын үйлердегі қауіпсіз және қолайлы өмір сүру ортасына деген конституциялық құқы қашанғы таптала бермек?..

Қалай десек те, тұрғындардың жазбаша талабы бойынша тұрғын үйлердегі тамақтану объектілеріне тексеру жүргізілуі керек. Оған барлық пәтер иелерінің өкілі қатыстырылуға тиіс. Сондай-ақ, ондай жерде орналасқан кафе-ресторандардың ішінде темекі, кальян, электронды шылым тартуға тыйым салған жөн. Музыканың да қатты шығуына шектеу қойған дұрыс. Сонымен бірге, тұрғын үйдегі қоғамдық тамақтану орындарын өрт қауіп жоғары нысандардың қатарына жатқызып, оларға өрт сөндіру келісімдерін беру шартын қатандату қажет.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Нұрғали ЖҰМАБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

ҚАЛА ШЕТІНЕ КӨШІРІЛСЕ...

Ірі қалаларымызда ғана емес, облыс орталықтары мен аудандардағы шағын қалаларда тұрғын үйлердің астының барлығы түрлі мақсаттағы ойын-сауық нысандарына айналған. Қазір ондай жердерде кафе-ресторандар қаптап кетті.

Бұл ретте аталмыш нысандардың жасөспірімдер мен балаларға қызмет етпеуін арнайы орындар қадағалап отыруы тиіс. Керек десеніз, сауна, ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер мен бильярд залдарын тұрғын үйге жолатпау керек. Олар сол жердегі тұрғын үйлердің мазасын ғана алып қоймай, сол үйлердің балаларының да тәрбиесіне кері әсер етіп отыр. Тіпті, балалар ғана емес, бүгінде ересектер де адам психологиясына кері әсер ететін әлгі нысандардың тұтқынына айналууда. Сондай-ақ, бүгінде сауналардың да кез келген жерден ашылып, бей-берекет жұмыс істей бастағаны алаңдатады. Оларға мүлдем бақылау жоқ. Саунадағы тәртіпті қадағалап отыруға тиісті полиция қызметкерлерінің өзі сауна иелерімен ауыз жаласып алғанына байланысты факт көп кездеседі. Сондықтан саунаны тұрғын үйдің астынан ғана емес, жалпы қаладан аластатқан жөн. Олар қаланың шетінде, елеусіздеу жерде орналасуы тиіс.

Бақытбек ЖАҚЫПОВ,
кәсіпкер:

ІРІ САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНА ОЙЫСҚАН ДҰРЫС

Меніңше, тұрғын үйдің бірінші қабатынан кафе ашу тиімсіз. Неге? Себебі, онда жұмыс уақыты шектеледі. Яғни түнгі 11-ге дейін ғана жұмыс істей аласың. Одан кейін жабуға тура келеді. Сосын тамақтану орнын ашқан соң, автономды сорғыш орнатасың. Дуалды тесіп, құбыр шығару үшін тұрғындардың келісімін, Қала құрылысын бақылау басқармасынан рұқсат алуың тиіс. Бір сөзбен айтқанда, көппәтерлі үйдің арасына техникалық сорғыш орнату қымбатқа түседі. Онымен қоймай, тұрғындардың шағымы мен тиісті органдардың үнемі тексерісі жүйкенді жұқартады. Бәрібір тұрғындар өздерінің тыныштығы үшін күресе береді. Халық сотқа дейін шағымданып қағаз, қаулы және сот шешімдерінің үйіндісіне көмілесің. Осы керек пе? Қазір заң күшейіп келеді. Бұрынғыдай айыппұлмен құтылып кету қиын. Сондықтан лажы болса, ірі сауда орталықтарына, супермаркеттерге көшу қажет. Адамдар ондай жерлерге көп келеді. Бала-шағасымен қыдырады. Олардың жоқ дегенде 25–30 пайызы кафе мен мейрамханалардан тамақтанады. Осындай ірі сауда орталығына көшсеңіз, тұрғын үйдің ғимаратын бұзып шығындалмайсыз, көп қаражат жұмсамай-ақ, келушілерге қызмет көрсете аласыз. Есесіне, жаныңыз тыныш болады. Пайда да табасыз. Ең бастысы, дұрыс орын тандап, адам көп жиналатын орталыққа жайғассаңыз, қызметіңізге жүгінетіндер аз болмайды.

Асқар МҰРАТҰЛЫ,
инженер-энергетик:

БАҚЫЛАУДЫ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Барлық қаланың арнайы бас жоспары болады. Сонда барлығы талапқа сай алдын ала көрсетіліп, нақтылануы тиіс. Әр қаланың алдағы 15–20 жылдағы даму функциясына сай бәрі айшығалуы керек. Мұның сыртында бас жоспарда ескерілмей тұрғызылған нысандар заңсыз болып саналады. Бірақ кейінгі жылдары көптеген тұрғын үйдің асты түрлі ойын-сауық ордасына, саунаға, бильярд залына айналуы жиілеп кетті. Мұның барлығын қалалық әкімдікке қарасты Қала құрылыс бақылау мекемесі қадағалап отыруға міндетті. Алайда, бүгінде тұрғын үйлерде ойын-сауық ордасы азайып келеді деп ауыз толтырып айта алмаймыз. Сондықтан осы саладағы болып жатқан заңсыздықтарды тыю үшін тиісті орындар тарапынан бақылауды күшейту қажет.

Түнде мазаны алса, не істеу керек?

Пәтерді жөндеу, көңілді отырыстар, қатты музыка, беймаза үй жануарлары – осының барлығы Әкімшілік кодексе бабының бұзылуына себеп бола алады.

Егер сіз жоғарыда айтылған жағдайлардың бірімен бетпе-бет келсеңіз, не істеу керек? Бірінші кезекте өзіңіздің көңіліңіз толмайтынын ауызша айтасыз. Мысалы, музыканың даусы қатты қойылмауын сұрайсыз. Егер ауызша өтініштен кейін шу басылмаса, аталмыш жағдайда құқықтық тәртіп қызметінің көмегіне жүгінесіз.

ҚР Әкімшілік кодексінің «Тыныштықты бұзу» 437-бабына сәйкес: жеке тұлғалардың қалыпты демалысы мен тыныштығына кедергі келтіретін, сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін тыныштықты бұзу, оның ішінде тұрғын-жайда және оның сыртында шұғыл қажеттілікпен байланысы жоқ шу шығаратын жұмыстарды жүргізу, сол сияқты тұрғын ғимараттарда және тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарының жұмыс күндері сағат 22-ден таңғы 9-ға дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23-тен таңғы 10-ға дейін тыныштықты бұзуы жеке тұлғаларға – 5, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 100 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол

әрекет жеке тұлғаларға – 10, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 60, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Сіз қалалық телефоннан 102, ұялы телефоннан 112 нөмірі бойынша қоңырау шалып полицияға жүгініп, учаскелік инспекторды шақыра аласыз. Инспектор әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы осындай істерді ҚР ӘҚБК (Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексе) 685-бабының 2-тармағына сәйкес қарауға және ҚР ішкі істер органдары атынан әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Алайда, бұл күндізгі уақытта қалағанша шу шығаруға болады дегенді білдірмейді. Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық стандарттары әртүрлі үй-жайлар үшін шудың рұқсат етілген деңгейін белгілейді. Пәтерлердің тұрғын бөлмелері үшін бұл күндіз 40 дБ (ең көбі 55 дБ) және түнде 30 дБ (ең көбі 45 дБ) болуы қажет. Шу деңгейін өлшеу үшін азаматтар Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне жүгінуі керек. Олар бұзушылықтар анықталған жағдайда ӘҚБТК-нің «халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу» 425-бабы бойынша әкімшілік хаттама жасап, бұзушылықтарды жою туралы нұсқама шығара алады.



МӘЖИТ БЕГАЛИН – 100



МӘЖКЕН

Мәжит Бегалин Семей топырағында дүниеге келген. Тете өскен ағасы Хамитке қарағанда тентектеу болыпты.

Режиссер туралы жазылған кейбір естеліктерде, кішкентай күнінде оның құлынды ерекше жақсы көргені айтылады. Жаздығүні желіде байлаулы тұрған құлындардың жалын тарап, кекілін сипап, айналышып жандарынан шықпай жүріп, ақырында «бұлардың қарны ашып тұр ғой» деп босатып жібереді екен. Сөйтіп, ауылдағы ағайынды талай қымызсыз қалдырып, май құйрықтан талай таяқ жеген дейді.

1929-1930 жылдары Бегалиндер отбасы Алматыға қоныс аударады. Мәжит ағасы Хамитпен бірге Некрасов атындағы №10 мектепке қабылданып, кейіннен №36-ға ауысады. Мектеп қабырғасында өтетін барлық әдеби-мәдени іс-шараның белорастынан табылған. Музыкалық пьесаларда ойнап, көпті домбыра шерту шеберлігімен тәңгі еткен деседі. Болашақ кинорежиссер спортқа да жақын болыпты. Футбол, хоккей, жеңіл атлетика сынды спорт түрлеріне аса қызығушылық танытқан.

Тез есеюге асық, сергек, зерек Мәжит 1940 жылы тоғыз жылдық мектепті бітіріп, Тау-кен институтының дайындық курсына оқуға түсіп кетеді.

Мәжит Бегалин – Ұлы Отан соғысының қан майданын кешкен жауынгер. Соғыс басталған жылы Новочеркасскідегі әскери училищеде білім алады. Оны 1942 жылы тәмамдап, кіші лейтенант атағын алып шыққан соң, Алматыда құрылған 100-ші бригада құрамымен Великие Лукиге майданға аттанады. Украина майданында қолына жаудың оғы тиіп, қансырап жатқан жерінен украиндық бір қыз тауып алып, медсанбатқа жеткізген екен. Оң қолы шынтағынан кесіліп, ауыр жарақаты салдарынан ұзақ емделіп, ақыры елге оралады.

АРМАН

Ол жасөспірім шағындағы арманы – шығармашылық жолға түсуді көздейді. Соғыс жылдары ару Алматы кеңестік киноиндустрияның ошағы болған. Сол бір сұрапыл шақта Мәскеудің Үлкен театры, «Мосфильм» Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институты секілді іргелі өнер ордалары Алматыға шоғырлана бастаған тұс.

Болашақ режиссер бір күні әкесі – қазақтың белгілі жазушысы Сапарғали Бегалинге ВГИК-ке түссем деген ойын жеткізеді. «Айналайын, Мәжкен (әкесі осылай еркелеткен екен), бұл менің де ойымда жүрген жай еді. Мен қарсы емеспін. Тек көбірек дайындық жүргізгін, ел-жұрттан ұят болып қалмасын», – деп батасын береді. Осылайша Мәжит Бегалин 1943 жылы Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтының режиссерлік факультетіне оқуға, орыстың әйгілі режиссеры Сергей Герасимовтың шеберханасына түседі. Оның қасында ассистенті болып жүріп үйренген, түйгендері бойынша алғаш түсірген фильмі «Жас гвардия» еді. Бұдан кейін Мәжит Бегалин Чаурелидің «Берлиннің күйреуі» атты фильміне, сонымен бірге, Сызғанның «Жамбыл» картинасына ассистент болады. Сонымен қатар, актер ретінде кішкентай рольдерді де ойнап жүреді.

Институтты бітіргеннен кейін «Мосфильмде» жұмыс істейді. Кино өнері оны Бондарчук, Чухрай, Шукшин сынды мэтрлермен табыстырады.

ШАҢЫРАҚ

Мәскеуде жүріп болашақ режиссер жары Олеся Иванованы кездестіреді. Кеңес Одағының халық артисі Инна Макарованың бір естелігінде: «Күнде кешке институтқа түсуге келген үміткерлерге жәрдем көрсететін едік. Сол кездері қыздар арасында «Институтқа сұр костюмді, әдемі қазақ жігіті келді. Өзі майданнан оралған офицер екен, режиссерлік факультетке түспекші көрінеді» деген сөз таралды. Алғаш көргенімде, маған ол экраннан жаңа ғана жарқ етіп шыққан шет елдің актеріндей әсер етті. Сыпайы, мәдениетті, шығыстың көркем жігіті Олесяның жүрегіне от салды. Көңілдері жарасқан Мәжит пен Олеся бірінші курста-ақ үйленіп, шаңырақ көтерді. Олар менің ең жақын достарым болды», – деп жазады.

Әкесі мен анасының жолын қуып, ВГИК-ті тәмамдаған ұлдары Нартай да кино өнеріне қадам басып, алғашқы фильмімен Одаққа таныла бастаған сәтінде қайғылы қазаға ұшырап, мезгілсіз көз жұмады.

Бүгін – картиналары қазақ киносының «Алтын қорында» сақталған белгілі кинорежиссер және сценарист Мәжит Бегалиннің туған күні. Соңына өшпес хәм өміршең туындылар қалдырған, ұлттық киноның дамуына өлшеусіз үлес қосқан өнер өкілін кейінгі ұрпақ біліп жүруі керек.

«БІР ҒАНА КАДР»

Бауыржанды қаһарман, Шоқанды ұлы, Мәншүкті батыр еткен кинорежиссер хақында



ОРАЛУ

Ол Мәскеудегі Бүкілодақтық кинематография институтын 1948 жылы бітірген. Келесі жылы елге, Алматыға оралып, «Қазақфильм» киностудиясының көркемдік жетекшісі болып қызмет етеді.

Оның елге келгеннен кейінгі алғашқы қойған фильмі «Бұл Шұғылада болған еді» («Это было в Шугле», 1955 ж.) деп аталады. Жас режиссердің кинодағы алғашқы қадамын жұртшылық жылы қабылдады. Оның ерекше дарынына, келешегіне сенген, қолдау білдіріп, қолұшын бергендердің бірі Шәкен Айманов болатын.

1950–1978 жылдар аралығында «Қазақфильмде» режиссер болып, «Жерге қайта оралу», «Тұлпардың ізі» көркем фильмдерін қойды. Ш.Уәлиханов туралы «Оның күні туады», Б.Момышұлы жайындағы «Ел басына күн туса» фильмі сценарийінің авторы әрі қоюшы режиссері болды. «Мәншүк туралы баллада» да, «Дала күркірін» де көрермен жылы қабылдайды.

Мәжит Бегалиннің әріптестерінің «Ол ұсақ-түйек, жеңіл-желпі туындыларды түсіре салудан аулақ болды. Алдына үнемі зор міндет қойып, әлеуметтік маңызы бар тақырыптарға барды. Ол туған елі мен Отаны үшін от кешкен қаһарлы күндерде қайыспаған қаһармандарды асқақтықпен жырлап, биік өнерге қол созған ардагер азамат еді» деген естелік-пікірлері де сақталыпты.

Оның шығармашылығы өз дәуірінде ақ жоғары бағаланып, түрлі марапаттармен аталып өтілген. Мәселен, 1968 жылы Бішкек қаласында (ол кезде Фрунзе) өткен Орта Азия мен Қазақстан кино өнері байқауының бас жүлдесі мен I дәрежелі дипломын иеленген. «Мәншүк туралы балладасы» 1970 жылы Минскіде өткен Бүкілодақтық кинобайгеде КСРО Қорғаныс министрлігінің бас жүлдесін қанжығасына байлаған. ҚазКСР-ның еңбек сіңірген өнер қайраткері атанды. А.Довженко атындағы жүлдені иеленді.

«СУРЕТКЕР»

Мәжит Бегалиннің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында, өзі ұзақ жылдар қызмет еткен қарашаңырағы – Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы ресми YouTube арнасының фильмотекасын режиссер Болат Нүсіпбековтің режиссердің өмірі мен шығармашылығы туралы баяндайтын «Суреткер» деректі фильмімен толықтырды. Онда Бегалиннің кезінде жарыққа шығуына тыйым салынған «Отқа оранған Орал» фильмінің тағдыры қамтылған. Мәжит Бегалин бұл фильмді Орал қаласының маңында, Жайық өзенінің жағасында түсірген екен. Орал қаласын ақтардан азат етуге Алашорда атты әскер полкі қатысқан. Қызылдар қаланың екінші жағынан шабуыл жасайды. Бегалин сол эпизодтарды көрсетуге тырысады. Фильмнің әскери кеңесшісі болған генерал «Алашорда деген пәлені қайдан таптың?» деп дау шығарады да, Мәскеудегі басшылыққа арыз жөнелтеді. Сол арыздың кесірінен «Отқа оранған Орал» қоймада шаң басып, аттай 30 жыл оралып жатып қалады.

«Суреткердің» режиссері Б.Нүсіпбеков Бегалин туралы түсірудің оңай болмағанын айтыпты. «Өйткені, ол кісіні білетін адамдар о дүниелік болып кетті, ал деректі фильм нақты фактілерге сүйене отырып, оны білетін адамдар арқылы, шындықты көрсете отырып жасалуы қажет. Сондықтан бізге көбіне мұрағат құжаттарын пайдалануға тура келді. Фильмді жасау барысында Мәжит Бегалин кадрде сөйлеп тұрған бір-ақ лентаны Мәскеу мұрағатынан әзер таптық», – дейді.

Иә, екіншісі, сол замандағы режиссерлеріміз қаптаған құрал-сайманның, түрлі техниканың, сюжеттің бел ортасында жүрсе де, олардың өздері туралы кадрлар жоқтың қасы.



ШОҚАН

Мәжит Бегалин туралы естеліктерде, сыр-сұхбаттарда оның ең үлкен арманы – Шоқанды түсіру болғаны жиі айтылады. Шоқан образы режиссерге он жыл бойы маза бермеген деседі.

Бұл орайда көрнекті қаламгер Әкім Тарази естеліктерінің бірінде былай деп толғайды: «...Ал енді мен Мәжіккенің тағы бір фильмін талдап айтып бергім келеді. Ол фильм «Оның заманы келеді әлі» деп аталады. Бұл Шоқан Уәлиханов туралы түсірілген кинотуынды. Қылышынан қан тамған Ресей патшасы Шоқанды қабылдап: «Иә, жас офицер, не тілегің бар?», – дегенде, Шоқан айтты ғой: «Мені толғандырып жүрген қазақ халқының тағдыры. Сол туралы айтсам деп едім», – деп. Патша бұрылып, сөзінің аяғын естімей кетіп қалады. Мәжікен, міне, сол эпизодты қалай түсірген деп таңқалам. Мәжікенің Шоқаны фильмнің соңында өлмейді ғой... Ауырып жатқан адам: «Атты әкел!», – дейді. Атка мініп, шауып кетіп бара жатады. Мұны көрген қазақтың көзіне жас үйірілмеуі мүмкін бе? Осы оқиғаны қалай түсіргенін, мұны «қырағы көздердің» қалай жібергенін түсінбеймін. Сол фильмде Тараз қаласына шабуыл жасайды ғой патша генералы, Шоқанның өз досы. Екі достың арасына сол арада жік түседі... Ал Қ.Жандарбеков ойнаған көтерілісшілердің басшысы қандай сүйкімді адам. Интеллектуал, зиялы адам. Және патша үкіметінің зеңбірекпен қаруланған дивизиясына атқа мінген қазақтардың шабуылын көрсетеді. Соғыс тәсілін көрсетеді. Жеңілмегенін көрсетеді. Өзінің досына: «Тараз қаласындағы қарусыз халықты қырып жібердің, сенімен мен енді дос емеспін», – деп теріс айналып кетіп қалатын жері бар Шоқанның. Соны қалай түсірген?! Соны қалай өткізе алды деп ойлаймын. Ал Шоқанның демалысқа елге келгенінде көкпарға қосылып кетіп, «Абылай! Абылай!» деп шабатынын сол кездегі қырағы көздердің қалай өткізіп алғаны тіпті, таңқаларлық жай. Мәжікенің өзі жұртпен тіл табыса білетін адам еді. Әйтпесе, мұндай фильм сол кезде экранға шығуы түгелі, сценарийдің өтуінің өзі оңай болмайтын».



ТҮЙІНСӨЗ:

Ол бар-жоғы 56 жыл ғұмыр кешті. Киногер ретінде, режиссер ретінде бұл көп ғұмыр емес. Бірақ қазақ халқына адал қызмет етті. Қазақ кинематографиясын кәсіби деңгейге көтерді. Ұлы Отан соғысы тақырыбында алғаш болып қазақша фильмдерді дүниеге әкелген де Мәжит Бегалин. Оның киім киісі, жүріс-тұрысы да ерекше болған деседі. Заманауи киімдер киіп жүрсе де, оның бір жерінен қазақы оюмен көмкерілген қазақы үлгіні көруге болатын еді дейді замандастары өз естеліктерінде. Ұлтын сүйген осындай ұл елінің есінде қалуға тиіс.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

БІЗДІҢ ЕЛДІҢ ЖІГІТТЕРІ

ҮЗДІКТЕР

Әлемге танылған теңдессіз әндері мен керемет бейнебаяндары өнерсүйер шетелдік аудиторияны жаулап алған үздік 5 қазақстандықтың тізімін ұсынамыз. Оқи отырыңыз!



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Иманбек Зейкенов

Әлемдік танымалдыққа ие болған қазақстандық диджей қысқа мерзім ішінде ТМД елдерінің ішіндегі музыка сана-тындағы «Грэмми» сыйлығын жеңіп алған.

Иманбек 2001 жылы Ақсу қаласында дүниеге келген. Бала кезінен музыкамен әуестенген. 2019 жылы Сент-Джонның «Roses» әніне ремикс жасағаннан кейін көпшілікке танымал болды. Бұл ремикс YouTube желісінде 277 миллион қаралым жинады. 2020 жылы Иманбек «Грэмми» сыйлығының иегері атанды. Бұл жеңістен кейін ол Rita Ora, David Guetta, 50 Cent, LP, Dua Lipa сияқты әншілермен жұмыс істей бастады. 2022 жылдың қаңтарында Иманбек Roses ремиксінің миллиардтық тыңдау белгісін жеңгені үшін Spotify сыйлығын алды.



Нұрлан Сабуров

Қазақстандық танымал әзілкеш және стэндапер. Студент кезінде КВН ойнаған. 2014 жылы ТНТ телеарнасында Stand Up шоуында өнер көрсетті. 2019 жылдың соңында YouTube арнасында «Одан кейін не болды?» көңілді бағдарламасының алғашқы шығарылымы шықты. Қазіргі таңда арна 7,51 миллион жазылым жинаған. 2020 жылдың мамыр айында Сабуров Forbes мәліметтері бойынша 30 жасқа дейінгі ең перспективалы ресейліктердің қатарына кірді.



Димаш Құдайберген

6 октава, 8 жартылай тондар, сопраноның ең жоғары ноталарына дейінгі диапазон, абсолютті музыкалық есту. Мұның бәрі әлемдегі ең үздік дауыс иесі – Димаш Құдайбергенге тиесілі теңеулер.

Ол 1994 жылы 24 мамырда Ақтөбе қаласында дүниеге келген. Жас кезінен бастап музыкамен айналысып, фортепиано мен домбырада ойнауды үйренген. Түрлі музыкалық конкурстарда өнер көрсеткен. 2015 жылы Витебск қаласында өткен «Славян базары» байқауында Гран-При жеңіп алды.

Димаш қытайлық «Singer» байқауындағы дебюті аяқталғаннан кейін әлемге әйгілі болды. 2017 жылы әнші Қытайдағы музыка саласындағы «Азияның үздік әншісі» және Tencent MTV Asia музыкалық гала-концертте «ең танымал шетелдік әнші» сыйлығын алды. 2019 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанды.



«Ирина Қайратқызы»

Музыкалық және юморитік контент құрай білген қазақстандық топ. Шығармашылығын 2017 жылы әлеуметтік желі арқылы бастап, кейінірек YouTube желісіне көшті. Топ құрылғаннан бері алғашқы 10 айда олар 104 мың жазылым, 6 миллионға жуық қаралым жинады. 2021 жылы «Отыздан асып барамын» фильмі жарық көрді. Бұл топ ТМД елдеріне танымал, Қазақстаннан басқа аймақта да жанкүйерлері өте көп.

Әділ Жәлелов (Скриптонит)

ТМД-дағы ең танымал рэпер, Алла Пугачеваның «сүйікті ақыны» Павлодар қаласында дүниеге келген. Оның музыкалық білімі жоқ. Бірақ бұл оның мыңдаған жанкүйердің жүрегін жаулаған әндердің мәтіні мен әуенін жазуға кедергі келтірген емес. Скриптонит 15 жасынан бастап музыкамен айналысқан. Рэпердің айтуынша, жастайынан әртүрлі қиындықтарға тап болған, тіпті, біраз уақыт жанармай құю станциясында жұмыс істеген.

2015 жылы оның алғашқы студиялық альбомы жарық көрді. «Дом с нормальными явлениями» көптің көңілінен шықты. iTunes-чартта Джастин Бибердің дискінен озып, тек Адельдің жаңа альбомына жол берген. Бүгінге дейін рэпердің «Праздник на улице 36» және «Уроборос: Улица 36/Зеркала» деп аталған альбомдары шықты.



ЖАҢА КІТАП



«Тарихым – бүгінім, ертеңім!» оқырманға жол тартты

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына иллюстрацияланған кітап жарық көрді.

Кітап «Baurzhan» жеке қайырымдылық қоры «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен басып шығарылды.

«Тарихым – бүгінім, ертеңім!» – иллюстрацияланған тарихи жинақ. Кітапта тәуелсіздік алған күннен бастап бүгінгі күнге дейінгі еліміз үшін маңызды оқиғалар, танымал тарихи тұлғалар өнер призмасы арқылы жас қазақстандық суретшілердің көзімен қысқаша әрі анық баяндалады. Жинақтың мазмұны еліміздің әр өңірінен келген 20 иллюстратордың еңбегінен тұрады.



ЕСКЕ АЛУ



Қоңырбаев Ғазизхан Нұрғисаұлы 1955 жылы ақпан айының 23 жұлдызында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Баласының жастайынан тік мінезді, талапшыл, көңілі сергек екенін байқаған ата-анасы оны Алматыға №4 мектеп-интернатына білім алуға береді. Ортасынан озат шыққан Ғазизхан 1972 жылы «Мәскеу Теміржол» институтының инженер-құрылысшы мамандығына оқуға түседі.

Өнегелі өмір

Қазақ жерінің көркеюі мен жол саласының дамуына айтарлықтай үлес қосқан Ғазизхан Нұрғисаұлын отбасы ізгі ілтипатпен еске алады

Мәскеуден келген бетте Ғазизхан мамандығы бойынша бел шешіп, аяңбай еңбек етуге кіріскен. Алдымен, жұмыс мансабын Жаркент қаласының «Жол-құрылыс басқармасынан» бастап, кейіннен Қапшағай, Алматы сынды бірқатар қалалардың көркеюіне атсалысады. Қол еңбектен қашпаған ол өмір жолында қарапайым шеберден бастап, техникалық бөлімнің басшысы, бас инженер, оқытушы болып жұмыс істеген.

Тәуелсіздіктің ақ таңы атқан соң Ғазизхан Алматы Жол құрылыс басқармасында басшылық қызметпен қатар, еліміздің саяси өмірінде де белсенділік танытады. 1995–1997 жылдары Іле ауданының депутаты, 2003–2007 жылдары Іле аудандық мәслихатының депутаты, 2007–2011 жылдары Алматы облыстық мәслихатының депутаты қызметтерін абыроймен атқарады.

«Ғазизхан Нұрғисаұлымен жақын араласу 1990 жылдардағы тоқырау заманына сәйкес келді. Жұмыстың жоктығынан көп мекемелер қысқара бастады. «Алматы жолдары» акционерлік қоғамының әрбір аудандық мекемесінде 50–150-дей адам жұмыс істеді. Ол дегеніміз, 200-ден бастап 600 адамның күнкөріс мүмкіншілігі. Сонда осындай ұжымдардың ішінде Ғазизхан Нұрғисаұлының басқаруымен, инженерлік сауаттылығының, жауапкершілігінің, қызметтес мамандарды бағалай білуінің арқасында жұмыс орындарын сақтап, өркендетіп, халықты жұмыспен қамтамасыз ете білді», – деп әріптестері еске алады.

Дара бітімді тұлғаның еңбегі ескерілмей қалған жоқ. Аудан мен облыстық «Құрмет» грамоталарынан бастап, Президент Жарлығына сәйкес 2008 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2014 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, 2011 жылы «Құрметті жолшы» атағын алды. Бұл марапаттар Ғазизхан Нұрғисаұлы еңбегінің мемлекет тарапынан ескерілуі болса, «Іле

ауданының Құрметті азаматы» куәлігінің берілуі халық мойындауы мен ризашылығы еді.

Алмагүл анасының ерекше көрген ұлы еді, өзі де анасының көңіліне қарап, ренжітпей, қартайған шағында қызметіне жарауға тырысатын. Алайда, өмірдің қаталдығынан ба, анасы өзінің алдында қайтқан ұлын көп ойлап, ұзамай өмірден озды.

«Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған» деп халқымыз айтпақшы, өз ортасында кісілік келбеті, адамгершілік ажарымен танылған Ғазизханға өмірлік жолында жары Гүлмайра жолығады. Ол тек білімді басшы, беделді азамат болып қана қоймай, отбасының шаңырағын биік құрған өнегелі әке де бола білді. Жұбайы Гүлмайрамен екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұл-қыздары халықаралық дәрежедегі оқу орындарын бітіріп, әке жолын қуып, қоғам өркендеуі үшін қызмет етуде.

Әкесі кеткен соң оның ізін Нұрсұлтан ұлы жалғастырып жатыр. Оның бәрі әкесінің ұлдарына көрсеткен тәрбиесі мен өсиеттерінің арқасы деп білеміз. Қазірде балалары отбасылы болып үлгерді. Немерелерінің алдын атасы Ғазизхан да көріп кетті.

Ғазизхан Нұрғисаұлының ортамыздан кеткеніне 4 жылдай уақыт болып қалыпты. Жары мен балаларының отағасын аңсамаған күні болмаған екен. Бүгін де әкелерінің 67-ге келетін мерейтойын атқару орнына Еске алу асын беріп жатыр.

*Бала десе бауыр етің елжірейтін,
Алып тұлға бейнеңді ел білетін.
Сыйлайтын «Ғазекен» деп құрметтейтін,
Жұмыста қатал болып көрінгенмен,
Жомарттығың барша елге теңіздей-тін,* – деген жолдарды балалары тек өз отбасына емес, барша қазаққа қызмет қылған әкесіне арнайды.

Досбол АТАЖАН.

МӘСЕЛЕ

«ЖЕТІМ КӨРСЕҢ, ЖЕБЕЙ ЖҮР»

Не үй ала алмаса, не «Жасөспірімдер үйіне» сыймаса, не туған-туысы кеңшілік жасамаса, олар қайда бармақ?



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір еліміздегі кез келген балалар үйлері басшыларымен сөйлесе қалсаңыз, «балалардың жағдайы жақсы, не ішем, не киім демейді, білікті педагогтардың тәрбиесімен білімді жастар өсіп келе жатыр» деп айтатыны белгілі. Ал ондағы шынайы жағдай қалай, балалардың еркін жүріп-тұруы, уақытылы тамақтануы, дұрыс киім киюі, ең ақыр аяғы олар өзін Қазақстанның азаматы ретінде толық сезіне алып жүр ме? Балалар үйінен тәрбиеленіп шыққан, бүгінде Алматының Сейфуллин даңғылында жалданатын жұмыс жасайтын Мұрат есімді жігітпен пікірлескенде мүлдем басқаша ойда қалдық.



Ербол АМАНТАЙҰЛЫ, Алматы қаласының тұрғыны:
– Қазір жетімдерге жеткілікті дәрежеде қолдау көрсетіліп отырған жоқ. Кезінде балаларымызды шет елдерге саттық. Талай қазақтың қарақөздері мұхит асып кетті. Мен бес жасымнан жетімдікті көрдім. Халық жауының баласы деп әбден құқай көрсететін. Жетімнің күні ешқашан жетіскен емес. Ал қазіргі жетімдеріміздің жағдайы тіпті де мүшкіл. Оларға қатысты әлі бір мардымды заң жоқ. Ал тастанды балаларымыз әркімнің күні, құлы болып жүр. Бұған кімнің жаны ауырмайды, бірақ біздің қолымыздан не келеді? Оларға мемлекет қолдау көрсету керек.

Мұнда тәрбиешілердің ұрсып-ұруы, жекіп сөйлеп, дұрыс тамақтың берілмеуі өз алдына бөлек әңгіме. Оның сөзіне сенсек, балалар үйіндегі тәрбиешілер бүлдіршіндерді өз үйлеріне апарып жұмысқа жегіп, тіпті кейбір жағдайларда солар арқылы пайда тауып отырады екен. Ол-ол ма, тіпті қылмыс жасайтын қарақшылар да балалар үйінен шыққан жастарды өз тобына тартуға құмар келетін көрінеді.

– Кейбір апайлар үйіне апарып, жұмысқа салып, өзінің үйі бітсе, туған-туыстарының үйіне қорақопсысын салуға, тазалатуға апарды. Ал ондайға бармаймын деп қарсы шықсаң, саған дұрыс тамақта, киім де, жылы көзқарас та болмайды. Мен сізге бір нәрсе айтайын, «үлкен үйде» еркін жүріп-тұру үшін мұғалімдердің «шестеркісі», балалардың арасында атаман болуың керек. Себебі, онда кім күшті, сол қалғандарының тамағын тартып жейді. Бүлдіршін-

дердің балалар үйінен қашып, көшеде қайыр тілеп кететіні, міне, осыдан. Сонымен қатар, кез келген балалар үйінің алдын жылда қарақшылар аңдып жүреді. Ол жақтан қалай шықтың, сені өздеріне тартып, қолыңа аз-маз ақша беріп, түнгі клубтарға, қыздарға апарып, жеңіл жүріске арбайды. Онсыз да енді не істеймін деп жүргенде, бұлардың жылы көзқарасын көріп, қастарынан өзін де қалғың келмейді. Ал оларға қосылған күні сені «семіртіп-семіртіп сойып» жібереді. Демек, қылмыс жасап, түрмеден бір-ақ шығасың, – дейді ол.

Мұраттың бұл айтқандарына сену қиын сияқты. Бірақ оның балалар үйінде тәрбиеленіп, сонда өсіп-жетілгенін ескерсек, оның үстіне, кейде жетім балалардың

базарларда қайыр тілеп жүретінін көрген соң, әрі құқық қорғау органдары да балалар үйінен шыққан бүлдіршіндердің қылмысқа көп бой алдыратынын растағаннан кейін нанбасқа лаж қалмайтын тәрізді.

P.S.

Кезінде Алматы облысының әкімі болған Серік Үмбетов пен Ақтөбе облысының экс-әкімі Елеусін Сағындықов кәсіпкерлердің қолдауымен жетімдер үйінен шыққан жастарға бір бөлмелі үй алып беруге көмектесіп, тамаша бастама көтерген болатын. Осылайша, олар 20–30 шақты жетім баланың үйлі болуына мұрындық болды. Бірақ осы тамаша бастама кейінгі кезде іске аспай қалды. Дәл осы үрдісті еліміздің қазіргі билігі іліп әкетіп, жетімдерге жергілікті әкімдіктер қолдау көрсетсе, дұрыс-ақ болар еді...

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Мейірімді түскі ас» жобасы

тегін тамақ таратады



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының тұрғыны Расима Темірбаеваның есімі бұл күні қалалықтарға кеңінен танымал. 7 жылдан бері қаламыздың зейнеткерлеріне тегін түскі ас таратып келе жатқан қайырымды жанның адамгершілігі туралы әлеуметтік желілерде де кеңінен жазылып жүр.

Ең төменгі зейнетақы алатын қарт кісілерге Расима Темірбаеваның есігі қашан да ашық. Олардың қаламыздағы Зейін Шашкин көшесі, 16-үйге, Жандосов–Айманов көшелеріне келулеріне болады.

Қайырымды жан бүгінгі күнге дейін 220 мыңға жуық зейнеткерге түскі ас таратып, ризашылығын алыпты. Жастайынан нағашы әжесінің тәрбиесінде болып, ұлттық құндылықты бойына сіңіріп өскен Расиманың қарияларға деген құрметі, тіпті ерекше. Осыдан біраз жыл бұрын, 2015 жылдың сәуірінде Расима жобаларды басқаруға қатысты тегін тренингке қатысады. Сол жолы Расима өзінің көңілінде жүрген ізгі арманын ортаға жайып салған еді. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген емес пе, қарияларға қатысты хабарға барлығының құлағы елендей қалысады. Сол жылдың күзінде «Мейірімді түскі ас» жобасы қолға алынып, іске кірісіп кетеді. Міне, содан бері үлкен кісілерден бата алып, олардың ризашылығына бөленген қайырымды қызға бұдан артық бақыт жоқ та сияқты. Түскі астан кейін әңгіме-дүкен құрып отырған қарияларды көргенде, тіпті көңілденіп кетеді. Қазір Расиманың қарамағында 14 адам жұмыс істейді. Зейнеткерлерге дәмді ас әзірлейтін аспазшылары да бар. Олардың барлығына белгілі мөлшерде айлық төлеп отырады. Қызметкерлердің айлық жалақысы Жұмыспен қамту орталығы арқылы төленсе, жалға алған орын мен азық-түліктің ақшасы еріктілер тарапынан өтеледі. Жасы келген кісілердің арасында кант диабеті, асқазан, өт жолдары, басқа да ауру түрлері болғандықтан, арнайы диеталық үстелдер де ойластырылған.

Қазақта «тамағыңды емес, қабағыңды бер» деген сөз бар. Содан да болар, зейнеткерлерге дәмді тіл үйіретін ас мәзірі мен жылы орын, оң қабақ танытатын жайсаң жандарға асығып тұрады.

СПОРТ

Достық турнир



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Жуырда ҚР Ішкі істер министрлігінің Алматы академиясы мен AlmaU командалары арасында шағын футболдан жолдастық турнир өтті.

Жарысқа Алматы академиясынан екі команда және «AlmaU–2022» қысқы мектебінде біліктілікті арттырудан өтіп жатқан серіктес жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар командасы қатысты.

Шағын футбол алаңын шебер ойынмен өрнектеген командалардың арасындағы ойын өте тартысты болды. Жеңіске деген ұмтылыс жолында футболшылар ойынның тамаша тактикасын көрсете білді.

Жолдастық кездесу жарысында ПИМ Алматы академиясының екі командасы да жүлделі бірінші және екінші орындарды иеленді. Жеңіске жеткен Алматы академиясының командалары «AlmaU–2022» қысқы мектебінің кубогымен марапатталды.



БЕЙЖІҢ–2022

ТҮБЕКТЕГІ ЕЛДІҢ ТАҢҒАЖАЙЫБЫ

XXIV қысқы олимпиада Норвегия спортшыларының ерен жеңісімен аяқталды. Скандинавия түбегінің өкілдері 16 алтын, 8 күміс, 13 қола медальмен жиыны 37 жүлде иеленіп, ақ олимпиадалардың рекордын жасады. Германия екінші сатыға орналасса (27 жүлде), олимпиада өткізуші Қытай құрамасы 15 жүлдемен үздік үштікке енді. Олимпиадаға қатысқан 92 елдің ішінен 29 құрама өкілдері медальға ілікті. Өкінішке қарай, бұл сапта Қазақстан жоқ.

Отандастарымыз кейінгі үш олимпиадада бір жүлдеден алып келе жатқан еді. Биылғы басты жетістігіміз – ту ұстаушы Абзал Әжіғалиевтің 500 метрдегі төртінші орны. Олимпиаданың соңғы күндерінде конькишілерімізден аз үміт бар еді, бірақ олар үздік ондыққа іліне алмай жарысты аяқтады.

Бейжің Олимпиадасында жұрт назарын аударған ерекше оқиғаларды атап өтуді жөн көрдік.



Жеке батырлар



Олимпиаданың саяси реңкі

Қытай астанасы Бейжіңдегі олимпиаданың өткізу уақыты таяғанда АҚШ бастаған біраз ел ойындарға дипломатиялық бойкот жариялады. Яғни ақ олимпиаданың ашылу салтанатына ресми тұлғалары бармайтынын, жалпы Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр ауданындағы этникалық топтарға қысымшылығын айыптайтынын мәлімдеді. Қытай тарапы бұл сынға өзінше жауап қайтарды. Олимпиаданың ашылу салтанатында алау жағу құрметіне спортта аса үлкен жетістігі жоқ ұйғыр шаңғышы кызы Ділнигар Илхамжан да ие болды. Мұны халықаралық қоғамдастық жылы қабылдаған жоқ. Әдетте олимпиада алауын төрткүл дүниеге танымал, әлемдік деңгейде әбден мойындалған спортшылар немесе спорт ардагерлері тұтататын еді. Нәтижеде Илхамжан олимпиадада аса үлкен жетістікке жетпеді. Оның алау тұтатуы шынында да саяси акция ретінде қабылданып қала беретін сияқты.

Ал олимпиаданың алғашқы күндері мәнерлеп сырғанаудан командалық сында Ресей спортшылары топ жарды. Бірақ артынан Камилла Уэлиеваның 2021 жылдың желтоқсан айында тапсырған допинг-сынамасы оң нәтиже бергені анықталып, арты дауға ұласты. Командалық сынның жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өткізілген жоқ. 15 жасар Уэлиеваны күллі әлем тұс-тұстан талады десек, артық болмайды. Дегенмен, Лозаннадағы (Швейцария) спорттық төрелік соты алтын жүлденің Ресей еншісінде қала беретіні туралы шешім шығарса да, АҚШ тарапы бұған көнген жоқ. Олар командалық сынның марапаттау рәсімі өткізілуге тиіс екенін дәлелдеп тағы арызданды. Сот бұл арызды қанағаттандырмаған жоқ. Уэлиева болса, жеке сында қысқа бағдарламада алда тұрғанмен, еркін бағдарламада бірнеше рет құлап, төртінші сатыға табан тіреді.

Жазғы және қысқы олимпиадаларға да тусыз, әнұрансыз қатысқан Ресей олимпиялық құрамасы бұл жолы үздік бестікке де іліне алмады. Дегенмен, ресейліктердің жүлдесі өте қомақты. Олар 6 алтын, 12 күміс, 14 қола жүлде иеленіп қайтты. Ресми тараптан айтылмаса да, ресейлік ақпарат құралдары бұл олимпиадада басты қарсыластарын (Норвегия, АҚШ, Германия, т.б.) түрліше кінәлаумен болды. Тіпті, даңқты шаңғышы Йоханнес Клебо 30 шақырымдық қосайыста көш ортасында қалғанда, «оған демікпе ауруына қарсы препарат әлі келіп жетпепті» деп мысқылдады. Жалпы, норвег спортшыларына осы айып жні тағылады.



Ағайындылар салтанаты

Бейжің Олимпиадасы ағайынды спортшылардың ерекше нәтижесімен де ел есінде қалды.

Жапон конькиші қыздары Михо және Нана Такаги бұл жолы да тамаша өнер көрсетті. Нана 2018 жылы Пхенчханда екі алтын жүлде иеленген болса, Бейжіңде Михо таңдай қақтырды. Ол жеке үш қашықтықта бір алтын (1000 м.), екі күміс (500 және 1500 м.) жеңіп алды. Командалық із қуалау жарысында апалы-сіңлілі Такагилер мен Аяно Сато финалға жетіп, алтынға еркін қол созып тұрған еді.

Бірақ соңғы бұрылыста Нана тайып құлап, Жапония құрамасы екінші орынға сырғып кетті. Дегенмен, бұл сәтсіздік қос мықтының спорттағы ғұмырына көлеңке түсіре алмайды. Такагилер еншісінде қос олимпиаданың 4 алтыны, 5 күмісі және 1 қоласы бар.

Биатлон спортынан негізгі егес Норвегия және Франция спортшылары арасында өтті. Әсіресе, ағайынды Бөлер бұл жолы да алтынды шашау шығармауға тырысып бақты. Алғашқы жарыс күндері Норвегияның аралас құрамасы сапында Йоханнес пен Тарией биатлонның алғашқы бағдарламасында алтын жеңіп алса, одан кейін И.Бө спринтте және жаппай жарыста топ жарды, жеке жарыста қола жүлде иеленді. Т.Бө із қуалау және спринт бағдарламасында күміс пен қоланы еншіледі. Ағайындылардың қоржынына сонау Ванкувер Олимпиадасынан бері қысқы ойындардың 8 алтыны, 4 күмісі және 2 қоласы түсіпті.

Финн шаңғышылары Иво және Кертту Нисканендер де Бейжің Олимпиадасының қаһармандарына айналды. И.Нисканен ерлер арасында 15 шақырымға классикалық стильмен жарысу сынында топ жарды, командалық спринтте командаласы Йони Мәкимен бірге күміс тұғырдан қол бұлғады, 30 шақырымдық қосайыста мәреге үшінші болып жетті. Оның әпкесі Кертту бұл жолы бір күміс және бір қола еншіледі. Иво соңғы үш олимпиададан (Сочи, Пхенчхан және Бейжің) алтын жүлдесіз қайтып көрген жоқ. Ағайынды Нисканендер еншісінде олимпиадалардың 3 алтыны, 4 күмісі және 2 қоласы бар. Өкінішке қарай, биыл 34 жасқа толатын Кертту олимпиада чемпионы атана алмай спорттағы ғұмырына нүкте қоятын сияқты.



Әрбір олимпиада өз қаһармандарымен әйгілі болады, солардың ерлігімен де тарихта қалады. Бейжің додасында да таңдай қақтырған тарландар жеткілікті.

Норвегиялық биатлоншы кыз Марте Олсбю Рөйзлан 2018 жылғы Пхенчхан Олимпиадасында алтын жүлдеге қол жеткізе алмаған еді. Араға төрт жыл салып олимпиада дауына қайта түскенде, Марте нағыз бабында екенін байқатты. Бейжің төрінде ол екі қашықтықта және аралас эстафетада топ жарды, тағы екі қашықтықта қола жүлде еншіледі. Жеке қашықтықтардың барлығынан Рөйзлан жүлдесіз қайтқан жоқ. 2020 жылғы әлем чемпионатында бес қашықтықта алтын тұғырға көтерілген спортшы осы табыстарының бәрі кездейсоқ емес екенін артығымен дәлелдеді.

Рөйзланның отандасы, шаңғышы Тереза Йохауг 2018 жылғы ойындар алдында допинг қолданды деп айыпталып, спорттан шеттетілген еді. 33 жастағы спортшы он екі жыл бұрын Ванкувер Олимпиадасында 4х5 шақырымдық эстафетада чемпион атанғанмен, жеке қашықтықтарды олимпиаданың бас жүлдесін иеленбей қалу

қаупі басым болды. 2014 жылғы Сочи Олимпиадасында Йохауг бір күміс, бір қоламен шектелді. Қысқаша айтқанда, бір қайнауы ішінде жүрген саңлақ Бейжің додасында барынша көсілді. Ол бұл жолы үш қашықтықтың (30 шақырымға – еркін, 15 шақырымға – қосайыс, 10 шақырымға классикалық жүгіру) алтынын бөтен ешкімге ұстатқан жоқ. Сөйтіп, Тереза Бейжің Олимпиадасынан кейін спорттан кететінін мәлімдеді.

Чех спортшысы Естер Ледецка бұл жолы да биігінен төмендеген жоқ. Ол Бейжің олимпиадасына да спорттың екі түрінен қатысып, бұл жолы сноубордта олжалы болды. Төрт жыл бұрын Пхенчханда Ледецка сноубордтан – қосар алып слалом бағдарламасында, тау шаңғысынан супергигант бағдарламасында алтын жүлде иеленіп кеткен еді. Бейжіңде ол сноубордтан чемпион атағын сәтті қорғады, ал тау шаңғысынан екі рет үздік бестікке енді. Биыл ол тау шаңғысынан үздік шығатын болса, екі олимпиадада қатарынан екі спорт түрінен чемпион атанған алғашқы спортшы болар еді.



Қандастардан сәлем

Бейжің Олимпиадасы қандас бауырларымыздың көптеп қатысуымен де ерекшеленді.

Қытай құрамасы сапында конькиші Ақнар Адақ, шаңғышылар Бәния Жәлен және Қадыс Беделхан өнер көрсетті. Ақнар жеке жарыстарда да, командалық сында да өте жақсы өнер көрсетіп, жұрт ықыласына ие болды. 1000 метр қашықтықтағы жарыстан кейін ол өзіне қолдау білдірген қазақстандықтарға арнайы бейнешолумен жауап қатып, ыстық ықыласын жеткізді.

Ал Пхенчхан Олимпиадасының чемпионы, биатлоншы Динара Әлімбаева (Беларусь) осы жолы жүлдеге іліне алмады. Әлем кубогында жеке сында екінші орында келе жатқан қандасымыз Бейжіңде жеке жарыста жүлдеге мейлінше жақын келген еді. Бірақ соңғы ату кезегінде бір рет мұлт кетіп, қолда тұрған жүлдеден айырылды.

Қорыта келгенде, Бейжің Олимпиадасы белгіленген мерзімде, алайда аса зор шектеулер аясында өткізілді. Шетелдік туристер Қытай астанасына бара алған жоқ. Қазақстан құрамасы 8 спорт түрінен жарысқа түсіп, салыстырмалы түрде шорт-трек, конькимен жүгіру және фристайл бағдарламаларынан тәуір нәтиже көрсетті. Ал шаңғымен жүгіру, биатлон, шаңғымен тұғырдан секіру, тау шаңғысы спортынан көрсеткіш тым төмен болды. Тұңғыш рет олимпиадаға қатысқан шаңғы қосайысынан да спортшымыз айтарлықтай жоғары жетістікке жете алмады.

Бетті дайындаған Естен САБАЛАҚ.

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 16 ақпандағы №1/39 қаулысы
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
2022 жылдың 17 ақпанында №26829 тіркелген

Алматы қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 4-4-бабының 4-1)-тармақшасына, «Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 19 мамырдағы №173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22807 болып тіркелген) сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласының аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. «Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулы оның ресми жарияланғаннан кейін Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орын-басарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 16 ақпандағы
№1/39 қаулысымен бекітілген

Алматы қаласы аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындаудың әдістемесі

1. Алматы қаласы аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 4-4-бабының 4-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Алматы қаласы аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау алгоритмін белгілейді.

2. Өңірлік деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құны (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) осы Әдістеменің қосымшасына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары қызметінің әрбір жеке түрі үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің базалық бағасына байланысты айқындалады.

3. Мерзімді баспасөз басылымдарында көрсетілетін қызметтің құны мынадай формула бойынша айқындалады:

1) газеттер үшін $Pn=Bn \times V \times Kq$ формуласы бойынша, онда:

Pn (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, газеттердегі көрсетілетін қызмет құны;

Bn – газетте орналастырылатын бір шаршы сантиметрмен көрсетілетін қызметтің базалық бағасы;

V – газетте орналастырылатын шаршы сантиметрмен есептелетін көрсетілетін қызмет көлемі;

Kq – газет таралымына түзету коэффициенті:

200 000 данаға дейін – 1,3;

100 000 данаға дейін – 1,15;

50 000 данаға дейін – 1;

30 000 данаға дейін – 0,9;

20 000 данаға дейін – 0,8;

10 000 данаға дейін – 0,65;

5 000 данаға дейін – 0,5;

2) журналдар үшін $Pm=Bm \times V \times Kq$ формуласы бойынша, мұнда:

Pm (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, журналдардағы көрсетілетін қызмет құны;

Bm – журналда орналастырылатын бір шаршы сантиметрмен көрсетілетін қызмет үшін базалық баға;

V – шаршы сантиметрмен есептелетін журналда орналастырылатын көрсетілетін қызмет көлемі;

Kq – журнал таралымына түзету коэффициенті:

15 000 данаға дейін – 1,2;

10 000 данаға дейін – 1,1;

8 000 данаға дейін – 1;

5 000 данаға дейін – 0,9;

3 000 данаға дейін – 0,8;

1 000 данаға дейін – 0,7.

4. Интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны $Pi=Bi \times V \times Kq$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

Pi (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, интернет-ресурстағы көрсетілетін қызметтің құны;

Bi – интернет-ресурста орналастырылатын көрсетілетін қызметтің бір таңбасының, секунднінің, минутының, данасының базалық бағасы;

V – интернет-ресурста көрсетілетін қызметтің символдармен, секундтармен, минуттармен, даналармен есептелетін көлемі;

Kq – бірегей пайдаланушылардың интернет-ресурсқа кіруінің орташа айлық санын есепке алуға арналған түзету коэффициенті:

айына 500 000 кірушіге дейін – 1;

айына 1 000 000 кірушіге дейін – 1,1;

айына 2 000 000 кірушіге дейін – 1,2;

айына 5 000 000 кірушіге дейін – 1,3;

айына 5 000 000 кірушіден астам болса – 1,4.

5. Телевизияда көрсетілетін қызметтің құны $Ptv=Btv \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

Ptv (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, теледидардағы көрсетілетін қызметтің құны;

Btv – телевизияда көрсетілетін қызметтердің бір секунднінің, минутының, сериясының базалық бағасы;

V – телевизияда көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен, сериялармен есептелетін көлемі.

Егер мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру кезінде көрсетілетін қызметте телевизиялық бағдарламалардың жанрлары бойынша бөлінулер ескерілмеген жағдайда, телевизиялық бағдарламаларды көрсетілетін қызметтердің құны базалық баға (Btv) бойынша есептеледі.

6. Радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны $Pr=B_r \times V$ формуласы бойынша айқындалады, онда:

Pr (price) – қосылған құн салығын ескере отырып, радиоарнадағы көрсетілетін қызметтің құны;

B_r – радиоарнада көрсетілетін қызметтердің бір секунднінің, минутының базалық бағасы;

V – радиоарнада көрсетілетін қызметтің секундтармен, минуттармен есептелетін көлемі.

Алматы қаласының аумағындағы
бұқаралық ақпарат құралдарында
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізу үшін сатып алынатын
көрсетілетін қызметтердің құнын
айқындау Әдістемесіне қосымша

Алматы қаласы аумағындағы бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің базалық бағалары

№	Қызметтердің атауы	Өлшем бірлігі	2022 жыл (теңге)	2023 жыл теңге	2024 және кейінгі жылдар (теңге)
1	2	3	4	5	6
1	Алматы қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (газет) көрсетілетін (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) қызмет (Bn)	шаршы сантиметр	400	428	458
2	Алматы қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында (журнал) көрсетілетін (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) қызмет (Bm)	шаршы сантиметр	280	300	321
3	Интернет-ресурста көрсетілетін (ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру) қызмет (Bi)	символ	38	41	44
4	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (жаңалық сюжеттерін өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	487 000	521 090	557 566
5	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (ток-шоуларды өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	46 250	49 487	52 952
6	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (ойын-сауық шоуларын (музыкалық, әзіл-сықақ бағдарламалары) өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	85 000	90 950	97 316
7	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (реалити-шоулар шығару және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	72 500	77 575	83 005
8	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (телевизиялық бағдарламалар өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	60 812	65 069	69 624
9	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (деректі фильм шығару) қызмет (Btv)	минут	187 500	200 625	214 669
10	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (бейнеролик өндіру) қызмет (Btv)	секунд	22 000	23 540	25 188
11	Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын теле-, радиоарналардың міндетті тізбесіне енгізілген телевизияда көрсетілетін (телехика өндіру) қызмет (Btv)	серия	8 000 000	8 560 000	9 159 200
12	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (жаңалық сюжеттерді өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	134 200	143 594	153 645
13	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (ток-шоуларды өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	71 300	76 291	81 631
14	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (ойын-сауық шоуларын (музыкалық, әзіл-сықақ бағдарламалары) өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	84 825	90 763	97 116
15	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (реалити-шоулар өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	80 370	86 000	92 000
16	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (телевизиялық бағдарламалар өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	42 200	45 154	48 315
17	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (деректі фильм өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	минут	109 300	116 951	125 137
18	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (бейнеролик өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	секунд	28 500	30 495	32 630
19	Міндетті теле-, радиоарналар тізбесіне кіретін телеарналарды қоспағанда, Алматы қаласының аумағында телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесіне кіретін телевизияда көрсетілетін (телехика өндіру және орналастыру) қызмет (Btv)	серия	5 067 500	5 422 225	5 801 780
20	Радиоарнадағы (ақпараттық бағдарламаларды өндіру және орналастыру) қызмет (Br)	минут	20 000	21 400	22 900
21	Радиоарнадағы (аудиороликті өндіру және орналастыру) қызмет (Br)	секунд	580	620	663



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Құрметті 2022 жылға бір жылға жазылған жазылушылар!
Жеңімпаздарды анықтау 2022 жылдың 10 наурызына ауыстырылды. Ол «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 17 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 10 айға – 6005 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 10 айға – 16205 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 10 айға – 4405 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

КИНОЛОГИЯ

Үш бағытта қызмет етеді



Қаңтар оқиғалары кезінде жоғалған қызметтік иттің өз иесіне қайта оралуы жазылған бейнежазба барша қазақстандықтарды қуантқан болатын. Адалдықпен қызмет ететін иттерді тәрбиелейтін кинолог

мамандар туралы баяндайық.

Кинолог – иттерді арнайы тәрбиелейтін маман. Кинологияның үш бағыты бар: қызметтік (әскери, полиция, қарауыл, т.б.), аңшылық (коммерциялық және спорттық) және қойылымдық. Кинологтар әдетте осы салалардың бірі бойынша маманданады. Маман иттерді күшік кезінен өсіріп, сыртқы келбеті мен денсаулығына аса назар аударады. Себебі, олардың ерекшеліктері мен жеке қасиеттеріне қарай қай салаға бейімделетіні шешіледі. Кинологтардың жұмысына жаңа тұқымды өсіру де кіреді.

Алматы қаласы Ішкі істер департаментінің кинологиялық орталығы 1985 жылдан бері жұмыс істейді. Бұл мекемеде тәжірибелі мамандар қызметтік иттерді тәрбиелейді. Кинологтар иттерді бірнеше санаттарға бөледі: іздестіру иттері – жедел іздестіру тобының құрамында жұмыс істеуге арналған, арнайы – жарылғыш заттарды, оқ-дәрілерді және есірткіні іздестіру үшін, патрульдік иттер – қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстық істі ашу және алдын алу үшін. Сондай-ақ, қылмыскерлерді ұстауға арналған шабуылшы иттерді, түзеу мекемелері мен тұтқындарды бақылауға күзетші және жолсерік иттерді дайындайды. Қызметке алынар алдында иттер әртүрлі сынақтан өтеді. Иіс сезімі, жүйке жүйесі қабылдау реакциясы жіті тексеріледі.

Қаламыздың кинология орталығында бүгінгі күні иттердің бес тұқымы өсіріліп, тәрбиеленеді. Олар: неміс, шығыс еуропалық, бельгиялық (малинойс) овчарка, лабрадор ретривері және ресейлік спаниельдер. Ротвейлер де бар.

Мекемеде арнайы жаттығулар үйретілген ит үшін аптасына 2-3 рет, ал енді тәрбиеленіп жатқандарға күн сайын өтеді. Кинолог маман жаттығу барысында итпен бірге кемінде 3 шақырым жүріп өтеді. Басқарма басшылығының айтуынша, мекемеде кез келген адам жұмыс істей алмайды. Физикалық және психологиялық төзімділігі жоғары, иттерді шынайы жақсы көріп, бар уақытын бөлуге ерік-бейтін адамдар ғана мықты кинолог бола алады екен.

Досбол АТАЖАН.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

2022 ЖЫЛҒЫ 21 АҚПАНДАҒЫ
МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА PFIZER
ВАКЦИНАСЫН АЛҒАН АДАМДАР САНЫ

Барлығы:

I компонент: 796 249

II компонент: 534 171

Жасөспірімдер

I компонент: 660 071

II компонент: 444 090

Жүкті әйелдер

I компонент: 30 431

II компонент: 21 349

Бала емізетін аналар

I компонент: 102 281

II компонент: 68 674



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫКАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbkvn@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефонда-
ры арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қо-
ғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 15 663**

Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.

КОНКУРС

Алматы қаласының әкімдігі Алматыда 2022 жылдың қаңтарында болған қайғылы оқиға құрбандарына арналған мемориалдық кешеннің (пантеон) үздік жобасына ашық конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімін ұзартқаны туралы хабарлайды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2022 жылдың 21 ақпанынан 22 наурызына дейін қабылданады.

Қосымша ақпараттарды 8 (727) 240-80-00 телефоны бойынша ала аласыздар.

Байқау туралы ақпарат <http://almaty.uaig.kz/> сайтында. Ашық конкурс туралы ЕРЕЖЕЛЕР мына мекенжай бойынша танысуға болады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty-uaig/documents/1?lang=ru>

<http://almaty.uaig.kz/wp-content/uploads/2022/01/polozenie-konkursa-panteon-2022-rus.pdf>



КИНО ӘЛЕМІ



Бас жүлде – бізде!



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы «Бақыт» қазақстандық көркем фильмі 72-інші Берлин халықаралық кинофестивалінің (Берлинале) «Панорама» секциясында бас жүлде алды.

Сценарийін қазақстандық журналист Әсем Жапишева жазды, режиссер – Асқар Ұзабаев, продюсері – Баян Мақсатқызы.

«Панорама» секциясы – негізгі конкурстан кейінгі салмақты жүлде және ол 80-жылдары енгізілген. Бұл конкурстың қазылар алқасы киноиндустрияның кәсіпқой мамандарынан емес, шынайы көрермендерден құралған. Олар картинаны көруді аяқтағаннан кейін бірден дауыс береді. Биыл коронавирусқа байланысты шектеулерге қарамастан, «Панорама» секциясына енген фильмдерді 20 мыңнан астам адам көрген. Биыл 72-ші Берлин халықаралық кинофестивалінің аталмыш секциясына 33 елден барлығы 29 картина қатысты.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы баяндайтын «Бақыт» фильмі көрермендер мен халықаралық БАҚ тарапынан көптеген жылы лебіз жинаған. Себебі, үйдегі озбырлық Қазақстанда ғана емес, бүтін әлемде өткір тұрған мәселе. Сценарий авторлары Әсем Жапишева мен Асқар Ұзабаев материалдарды жете жинақтап, фильм шынайы оқиғаларға негізделіп түсірілді.

«Берлинале жүлдесі – бұл шындыққа айналған менің арным. Менің ең асқақ тілегім – қоғамның, мемлекеттің және заңның әйелдерге деген қатынасын өзгерту. Бұл – менің миссиям», – деді продюсер Баян Мақсатқызы.

Картинада Қазақстанның шағын қаласында өмір сүріп жатқан отбасы туралы, ұзақ жылға созылған тұрмыстық зорлық-зомбылық пен махаббатсыз өмір жайында баяндалады. Күйеуі, әйелі мен олардың бойжеткен қызы – 3 негізгі кейіпкер тұрмыстық зорлық-зомбылықтың бар мүңын, ауыртпалығын көрсетеді.

ПАЙЫМ

XXI ғасыр – ұтқырлық заманы. Қазір жылдамдық, зеректілік, бәсекеге қабілеттілік қасиеттері алда тұр.



Олжас ЖОЛДЫБАЙ

АҚШ өнертапқышы және әйгілі кәсіпкері Томас Эдисон «Уақыт – әр адамның еншісіне бұйырған әрі зая кетіре алмайтын жалғыз капитал» депті. Шынтауайтында, сөзінің жаны бар. Сонау XIX ғасырда айтылса да өзектілігін әлі күнге дейін сақтап келе жатыр.

Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғам – бәсекелестік пен шапшаңдықты талап етеді. Бұрынғыдай адамдар бір сарында жүруге мұрша жоқ. Олай жасауға да болады. Бірақ сөйтер болсаңыз көштің соңына қалуыңыз бек мүмкін. Жоғарыда айтылған тәмсілде «капитал» деген сөз бар. Бұл өте орынды айтылған. Өйткені, қаржы-экономиканың тілімен айтқанда, жеке тұлғаның әлеуметтік статусы көтерілуі үшін міндетті түрде капиталды арттыру керек. Сонда іс оңалмақ, шаруалар өз ретімен шешілмек.

Заманында Бенджамин Франклин «Уақыт – ақша» деп қысқа ғана қайырыпты. Осы ойды терең талдап, айтар болсаңыз нағыз шындық екеніне көз жеткізесіз. Уақытпен санасып іс қылсаңыз, төмендегі әрекеттер тізімі пайда болады. Мәселен:

- Табыс артады;
- Ынта пайда болады;

ЕУРОПАРЛАМЕНТ

Жемқорлыққа санкция салынбақ

Депутаттары әлемдегі адам құқығының жай-күйі туралы баяндаманы бекітіп, одаққа мүше елдерді еуропалық санкция режимін жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа шатылғандарға да қолдануға шақырды. Яғни коррупцияны да бұдан былай санкция салынатын қылмыстар санатына жатқызуды бастама етіп көтерді.

Аталмыш баяндама 487 депутат тарапынан қолдау тапса, қарсы дауыс берген қарасы – 80, қалыс қалғандары – 120. Еуропарламент қарары мен баяндамасы орындалуы міндетті құжат емес, тек ұсыныс сипатында болады. Алайда, ЕО елдері Еуропарламент депутаттарының үніне құлақ асады. Адам құқығы саласындағы заң бұзушылыққа жол бергендерге ЕО ғаламдық режим аясында алғашқы персоналды санкция енгізген болатын. Адам құқығының бұзылуына себеп болатын қаржылық және экономика-



лық қылмыстарды тиімді қуғындау үшін коррупциялық әрекеттерге жол бергендерге санкция салынуы тиіс. Адам құқығы кең ұғым: экологиялық қылмыстар, әйелдер құқығы, т.б. тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қуғын-сүргінге салу да кіреді. Осыған байланысты өз елінде саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, өміріне қауіп төнген БАҚ өкілдеріне, құқық қорғаушыларға қысқа мерзімге виза беру мәселесі де назардан тыс

қалмау керектігі айтылды. ЕО-ның адам құқығы саласындағы заңсыздықтар үшін ғаламдық санкция режимі 2020 жылдың желтоқсан айының 8-і күні енгізілген болатын. 2021 жылдың наурыз айының 2-сі күні ЕО аталмыш санкцияны тұңғыш рет Ресей Федерациясының азаматтарына қарсы қолданды. Бұл санкциялық тізім Қытай, Ливия, Оңтүстік Судан, Солтүстік Корея тұлғаларымен толықты. Қазіргі уақытта жиырма шақты жекелеген және занды тұлғаларға осы санкция салынған. Адам азаптау, сөз бостандығын шектеу, геноцид, адам саудасына жол беру, сексуалды зорлық, наным-сенім бостандығы секілді қылмыстар бойынша салынып келеді. Енді олардың қатарын коррупция да толықтыруы мүмкін. Коррупция бойынша салынатын санкция ЕО аумағындағы кінәлі тұлғаның активтері мен қаржысын бұғаттау түрінде қолданылады. Бұдан бөлек, санкция салынған тұлғаларға ЕО аумағы арқылы өтуге, ЕО аумағына кіруге тыйым салынады.

РЕЙТИНГ

200-ден аса мәдени әрі тарихи маңызы жоғары ескерткіші бар қала белгілі болды.



Ескерткішке бай қала

Islam-today ақпарат көзінің мәліметінше, The Travel ресурсы тарихи ескерткіштер бойынша әлемдегі қалалар рейтингін жасады. Аталмыш дерек көзі әлемдегі тарихи ескерткіші көп қала ретінде Құдысты атаған. Бұл көне шаһарда 200-ден аса мәдени әрі тарихи маңызы жоғары ескерткіш бар болып шықты. Құдыс – әлемдік діндердің «торабы», дәлірегі, үш діннің қасиетті кітаптарында (Құран, Інжіл және Тәуратта) аталған бірден-бір шаһар. Аталмыш рейтингте будда және үнді наным-сенімдегілер үшін киелі қала саналатын, 5000 жыл бұрын пайда болған Варанаси шаһары тарихи ескерткіштер қарасы бойынша екінші орыннан көрінген. Үшінші орынға әлемге мәшһүр ғалым, ойшыл, шығармашылық тұлғаларымен танылған Берлин жайғасқан. Бұл рейтингке мәңгілік қала атанған Рим шаһары Колизеймен, т.б. жәдігерлерімен аты шыққан қала ретінде енген. Сондай-ақ, алғашқы ондыққа Ватикан, Афина, Гавана, Каир қаласы, Куско және Бостон қалалары кірген.

ЕУРОКОМИССИЯ

Шегіртке – ақуызға бай

Еурокомиссия шегірткеден әзірленген өнімдерді саудаға шығаруға ресми рұқсатын берді.



Бұл жайында islam.kz порталы euro_pulse ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлімдеді. Ендігі жерде таяу болашақта орын алу ықтималдылығы басым азық-түлік тапшылығының алдын алу үшін шара аясында аталмыш жәндіктен жасалған өнімдер кептірілген, ұсақталып, ұнтаққа айналдырылған немесе мұзда-тып қатырылған түрлерінде тұтынушыларға жол тартады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылық өнімдері ұйымының мамандары «шегіртке – ақуызға, дәруменге, тағы басқа да қоректік заттарға бай, табиғи өнім», – деп хабарлап отыр. «Шегірткені протеиннің баламалы көзі ретінде пайдалану арқылы жаһандық жылынуға себеп болып отырған мал шаруашылығынан бөлінетін парниктік газдың мөлшерін азайтуға болады» дейді ұйым мамандары.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.

«Жұмыс істемегендей өмір сүріңіз»



- Тірлігіңіз қалыпқа түседі;
- Мақсатыңызға жетесіз;

Егерде табыс кілті уақытта десек, сол уақытты тиімді пайдаланса, онда тірлігіңіз қалыпқа түсіп, ойлаған арман-мақсатыңызға жететінін анық. Осы аталғандарды кез келген адам іске асыра алады.

Жақында америкалық сарапшылар жүргізген мәліметті көзіміз шалды. Сондағы олардың пайымдауы бірнәрсеге түйінделеді. 2050 жылға қарай әлем мүлде

басқа кейіпте ғұмыр кешуі ықтимал. Сондықтан олардың ұсынатын формуласы да біреу. Ол – «мобильді» болу. Кез келген ортада тез, жылдам қимылдап, бір уақытта бірнеше істі қатар атқару керек. Шынымен осыны жүзеге асыра болсаңыз, онда ақша сізге қызмет істейді. Тек тетігін тауып, жүйелі қызмет ету қажет.

Ғалымдардың осы айтқандарына қосылуға болады. Ондай жандарды жиі кездестіріп жүрміз де. Бірді екіге жалғап. Оны одан ары ілгерілетіп жатқандар қаншама?! Олар табыстың көзін тапқандар десек, дәл тұжырымдаған болар едік.

Соңғы уақыттары бір емес, бірнеше жерде қатар іс атқаратындардың қатары көбейген. Ол бір жағынан жөн. Себебі, күнде, тіпті сағат сайын заман өзгеруде. Күніне жүздеген жаңалық, түрлі қылық көретін болдық. Сол себепті, қазіргі адамзат нарық заманына әбден бейімделуде. Тіпті, кейбірі соған үйренген де.

P.S. Түйіндей келе, ең бастысы, жаныңызға жағатын іспен айналысқан дұрыс. Қытай ойшылы Конфуций айтқандай, «Өзіңіздің жаныңызға жақын жұмыс танданыз, сонда өмірбақи жұмыс істемегендей өмір сүресіз». Қай жағынан алып қарасаңыз да, солай екені рас. Ойлаған игі істеріңіз әрдайым орындалсын.